

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын, ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 5 қыркүйектегі № 343 қаулысына өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 17 тамыздағы № 86 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 10 қазандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4417 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 42 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасының 2012.02.24 № 42 (2012.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру және Қазақстан Республикасында валюталық режимді одан әрі ырықтандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. **Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.09.24. № 110 (2007 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесі (осы қаулының 1-қосымшасы) бекітілсін.

3. Осы қаулының 2-қосымшасында көрсетілген нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

4. Қазақстан Республикасының кеден органдары және екінші деңгейдегі банктері 1997 жылғы 1 қантардан бастап қоса алғанда 2001 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде ресімделген, 2002 жылғы 1 қантардан бастап ақша не тауар қозғалысы болмаған мәміле паспорттарын, сондай-ақ 2006 жылғы 31 желтоқсанға дейін жеке есепке алуға жатқызылған мәміле паспорттарын жабуды жүзеге асырсын.

5. Осы қаулы осы қаулының 2007 жылғы 1 қантардан бастап қолданысқа енгізілетін 2 және 3-тармақтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және ресми түрде жариялануға тиіс.

6. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Дюгай Н.Н.):

1) Заң департаментімен (Шеріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдастын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мұдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, екінші деңгейдегі банктерге және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінен (Дюгай Н.Н.) жариялауға өтінім алған күннен бастап үш күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға шаралар қабылдастын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З.Айманбетовага жүктелсін.

Ұлттық Банк

Төрағасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Қаржы  
нарығы мен қаржы ұйымдарын

реттеу және қадағалау агенттігі

Төраға

2006 жылғы 21 тамыз

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

Министрі

2006 жылғы 8 қыркүйек

Қазақстан

Республикасының

Ұлттық

Банкі

Басқармасының

2006

жылғы

17

тамыздары

N 86 қаулысына 1-қосымша

**Қазақстан Республикасында экспорт-импорт  
валюта бақылауын жүзеге асыру  
ережесі**

Ескерту. Ереженің бүкіл мәтіні бойынша "қайтару талабын", "қайтару талабы", "қайтару талабының", "қайтару талаптарының", "қайтару талаптарын" деген сөздер "репатриациялау талабын", "репатриациялау талабы", "репатриациялау талабының", "репатриациялау талаптарының", "репатриациялау талаптарын" деген

сөздермен,

"он мың" деген сөздер "елу мың" деген сөздермен, "валюта тұсудің болжанған", "Валюта тұсудің болжанған", "валютасының тұсуінің болжамды", "валюта тұсуінің болжамды", "Валюта тұсудің болжамды", "валюта тұсудің болжамды" деген сөздер тиісінше "репатриациялау", "Репатриациялау", "репатриациялау", "репатриациялау", "Репатриациялау", "репатриациялау" деген сөздермен аудастырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) қаулысымен.

Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" (бұдан әрі - Зан), "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Зандарына сәйкес әзірленді және экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру тәртібін және резиденттердің шетел және ұлттық валютаны репатриациялау талабын (бұдан әрі - репатриациялау талабы) орындауын қамтамасыз ету мақсатында экспорт және импорт бойынша мәмілелер паспорттарын ресімдеу талаптарын белгілейді.

## 1-тaraу. Негізгі ұғымдар және терминдер

1. Ережеде қолданылған ұғымдар Занда көрсетілген мағыналармен пайдаланылады.

2. Ереженің мақсаты үшін сондай-ақ мынадай терминдер және ұғымдар пайдаланылады :

1) валюта айырбастаудың нарықтық бағамы Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының негізгі сессиясында қалыптасқан және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп белгілейтін тәртіппен айқындалған теңгенің шетел валютасына орташа өлшемді биржалық бағамын, сондай-ақ теңгенің Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында сауда-саттық жүргізілмейтін шетел валютасына бағамы Ұлттық Банкі бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы қызметті реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесіп белгілейтін тәртіппен кросс-бағамдар пайдаланыла отырып есептелген бағамы;

2) валюталық бақылау құжаттары:  
жүк кедендік декларациясының көшірмесі;  
келісім-шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімдерінің,  
талаптарының, сондай-ақ тараптардың өзгерісін растайтын құжаттарды қоса  
алғанда

валюталық шарт;

лицензия, тіркеу қуәлігі, хабарлама туралы қуәлік;  
Мәміле паспорты, мәміле паспортына қосымша парақ;  
мәміле паспорты бойынша салыстырып тексеру актісі;  
шетелдік банктердегі шоттардағы ақша қозғалысы жөніндегі үзінді  
көшірмелерді, келісім-шарттар шенберінде шетелдік банктердегі шоттардан  
төлемдерді және (немесе) аударымдарды растайтын және бірегейлендіретін  
төлем және өзге құжаттарды қоса алғанда келісім-шарт бойынша  
міндеттемелердің орындалуын растайтын құжаттар;

3) кеден органдары - кеден істері мәселелері бойынша уәкілетті органның  
облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) бойынша аумақтық  
бөлімшелері, кедендер және кеден постылары;

4) келісім-шарт - тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің)  
экспорты немесе импортты көзделген валюталық шарт;

5) лицензия - резиденттің резидент емеске 180 күннен (Қазақстан  
Республикасының Үкіметі белгілеген тауарлардың жеке тізбесі бойынша 365  
күннен) астам мерзімге коммерциялық кредит беруі үшін Ұлттық Банк 2006  
жылғы 31 желтоқсанға дейін берген лицензия;

6) мәміле паспорты банкі - мәміле паспортын ресімдеген және мәміле  
бойынша бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті банк (оның филиалы), Ұлттық  
Банктің аумақтық филиалы (бұдан әрі - филиал);

7) мәміле паспорты бойынша салыстырып тексеру актісі - мәміле паспорты  
банкі және кеден органы арасында мәміле паспорты бойынша тауарлар  
қозғалысы бойынша жүргізген салыстырып тексеру нәтижелері бойынша  
р е с і м д е л г е н акт;

8) мәміле паспорттарын тіркеу журналы - мәміле паспорттарын тіркеу үшін  
мәміле паспорты банкі жүргізетін журнал;

9) тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспортының немесе  
импорттың құні болып:

тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізу  
кезінде - жүк кедендік декларациясын шығару және Қазақстан Республикасының  
кедендік шекарасы арқылы алып өткізілетін тауарларды сыртқы сауданың  
кедендік статистикасында экспорт немесе импорт ретінде есепке алынатын  
кедендік режимдердің бірінде орналастыру күні;  
басқа жағдайларда:

тауарлар беруді, жұмыстар (қызмет көрсетулер) орындауды растайтын құжаттарға қол қойылған (қабылданған) күн;

тауарлар беруді, жұмыстар (қызмет көрсетулер) орындауды растайтын құжаттар жасауды көздемейтін шарттар бойынша нақты берілген тауарлар, орындалған жұмыстар (қызмет көрсетулер) үшін шот-фактураны, инвойсты  
ұсынушы күні ;

тауарлар беруді, жұмыстар (қызмет көрсетулер) орындауды растайтын құжаттарға қол қоюды (қабылдауды) және нақты берілген тауарлар, орындалған жұмыстар (қызмет көрсетулер) үшін шот-фактура, инвойс ұсынуды көздемейтін шарттың талаптарына сәйкес міндеттемелерді орындаудың басталған күні саналады ;

10) экспортер немесе импортер - келісім-шарт жасаған не резидент емеске келісім-шарт бойынша талап ету құқығы өткен Қазақстан Республикасының резиденті (заңды тұлға, оның филиалы, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген жеке кәсіпкер).

**Ескерту. 2-тармақ жана редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) Қаулысымен .**

2-1. Шет тіліндегі құжаттардың көшірмелері экспортердің немесе импортердің уәкілетті тұлғасының мөрімен және қолымен расталып, уәкілетті банктің немесе Ұлттық Банктің филиалының талап етуі бойынша экспортер немесе импортер сол тәртіппен растиған мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен қоса ұсынылады.

**Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) Қаулысымен.**

## **2-тaraу. Экспорт-импорт валюта бақылау рәсімдері**

3. Уәкілетті банктер, сондай-ақ Ұлттық Банктің филиалдары Ереженің 20-тармағының 1)-5), 7) тармақшаларында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, елу мың АҚШ доллары баламасынан жоғары сомаға келісім-шарттар бойынша репатриациялау талабын орындауға бақылауды жүзеге асырады.

Егер келісім-шарт АҚШ долларынан өзгеше валютада көрсетілсе және келісім-шартта АҚШ долларына қатысты айырбастау бағамына нұсқау көрсетілмесе, келісім-шарт сомасының АҚШ долларындағы баламасын анықтау үшін қайта санау келісім-шарт жасалған күнгі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Егер келісім-шарт АҚШ долларынан өзгеше валютада көрсетілсе,

орындалмаған міндеттемелер сомасы келісім-шарт валютасында оны кейіннен келісім-шарт бойынша репатриациялау мерзімі аяқталатын айдың соңғы күніндегі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып АҚШ долларымен қайта санау арқылы есептеледі.

Егер келісім-шарт міндеттемелерді орындау валютасынан өзгеше валютада көрсетілсе, валюталық келісу болмаған кезде орындалған міндеттемелер сомасын келісім-шарт валютасында айқындау міндеттемелерді орындау күніндегі валюта айырбастаудың нарықтық бағамын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

**Ескеरту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қаранды) Қаулысымен.**

4. Экспортер немесе импортер уәкілетті банктердің, сондай-ақ Ұлттық Банк филиалдарының талап етуі бойынша олардың репатриациялау талабының орындалуын бақылау мақсатында мәміле паспортын ресімдеу талап етілетін келісім-шарттар бойынша - мәміле паспортында немесе оған қосымша паракта, мәміле паспортын ресімдеу талап етілмейтін келісім-шарттар бойынша - еркін нысандагы

**өтініштегі:**

1) экспорт күні және экспорт бойынша келісім-шартқа ақы төлеу үшін валюта түсінен

**кун;**

2) төлем және (немесе) ақша аудару күні және импорт бойынша келісім-шарт бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін резидент еместің пайдасына импортер аударған валютаны қайтару күні, резидент емес міндеттемелерді орындаған (және немесе) толық орындаған жағдайда (бұдан әрі - пайдаланылмаған авансты қайтару) не келісім-шартта пайдаланылмаған авансты қайтарудың осындағы мерзімдері болмаған жағдайда импорт күні арасындағы болжанған уақыт кезеңін (кун, жыл санын) көрсетеді.

Аталған уақыт кезеңін (бұдан әрі - репатриациялау күні) экспортер немесе импортер тараптардың келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындау талаптарын негізге алғып, осы Ереженің талаптарын есеп ала отырып есептейді.

Егер келісім-шарт шенберінде резидент еместің тауарды жеткізу немесе ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындаудың әртүрлі талаптары бар тауардың бірден көп тобының (жұмысты немесе қызметті орындаудың бірден көп кезеңінің) экспорты немесе импорты көзделсе, онда репатриациялау мерзімі ретінде тауардың жекелеген топтары (жұмысты немесе қызметті орындаудың кезеңдері) бойынша валюта түсінен барлық мерзімінде ең жоғарысы қабылданады.

Мәміле паспортын ресімдеу талап етілмейтін келісім-шарттар бойынша экспортердің немесе импортердің репатриациялау мерзімі көрсетілген өтініші болмаған жағдайда аталған мерзім 180 күнтізбелік күнге тең болып қабылданады

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қаранды) Қаулысымен.**

4-1. Репатриациялау мерзімі мәміле паспортына қосымша парапта немесе мәміле паспортын ресімдеу талап етілмейтін келісім-шарттар бойынша жаңа етініште мынадай жағдайларда жаңа мерзімді көрсету арқылы өзгертиледі:

1) егер мәміле паспортында көрсетілген репатриациялау мерзімін экспортер немесе импортер келісім-шарттың талаптарына сәйкес келмейтіндей және (немесе) осы Ереженің нормаларын ескермesten есептесе;

2) келісім-шарт бойынша резидент еместің міндеттемелерін орындау мерзімдеріне және талаптарына әсер ететін жағдайлардың басталуын растайтын мынадай құжаттар болса:

келісім-шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар;  
сот немесе өзге мемлекеттік органның, төрелік соттың шешімі;  
дүлей күш жағдайларының туындауын растайтын құжаттар.

Дүлей күш жағдайлары туындаған немесе сот немесе өзге мемлекеттік органның, төрелік соттың шешімінде келісім-шарт бойынша резидент еместің міндеттемелерін орындау мерзімдері болмаған кезде репатриациялау мерзімі үш жылдан аспайтын мерзімге ұзартылады.

**Ескерту. 4-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.11.28 N 93 Қаулысымен.**

5. Экспортер немесе импортер келісім-шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін орындау мерзімдері мен талаптарына әсер ететін жағдайлар туындаған жағдайда уәкілетті банкке немесе Ұлттық Банктің филиалына (Ұлттық Банктің филиалында ресімделген мәмілелер паспорты бойынша) растайтын құжаттарды ұсынады.

Құжаттар олар бар болған кезде резидент еместің экспортер немесе импортер алдындағы орындалмаған міндеттемелерінің сомасы баламасы елу мың АҚШ долларынан асқан репатриациялау мерзімі аяқталатын айдың соңғы күнінен кешіктіремей ұсынады.

Вексель бойынша төлем алған кезде немесе вексель бойынша талаптар құқықтарын үшінші тұлғаға өткізу кезінде растау құжаттарын экспортер немесе импортер вексель бойынша төлем немесе вексель бойынша талаптар құқықтарын өткізу күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

Келісім-шарт бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын резидент емес үшінші тұлға (тұлғалар) жүзеге асырған кезде импортер мәміле паспорты банкіне резидент емес үшінші тұлғаның атауын немесе аты-жөнін, тұратын елін, төлемнің күнін, сомасы мен валютасын көрсете отырып, осы

төлемдер бойынша ақпаратты төлемдер және (немесе) ақша аударымдары жүргізілген күннен бастап 180 күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынады.

**Ескеरту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.11.28 N 93, өзгерту енгізілді - 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) Қаулыларымен.**

5-1. Ереженің 5-тармағына сәйкес құжаттар ұсынылмаған кезде уәкілетті банк Ереженің 44-тармағының 1) тармақшасында белгіленген жағдай басталған айдан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей экспортердің немесе импортердің атына келісім-шарт бойынша резидент еместің міндеттемелерінің немесе келісім-шарт бойынша резидент еместің міндеттемелерін орындау мерзімдері мен талаптарына әсер ететін жағдайлардың орындалғанын растайтын құжаттар ұсынуы туралы сұрату (жазбаша нысанда не электрондық цифрлы қолтаңбаны пайдалаңа отырып) жібереді.

Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті банк Ереженің 44-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жіберген ақпарат, сондай-ақ Ұлттық Банктің филиалында ресімделген мәмілелер паспортты негізінде экспортердің немесе импортердің атына жазбаша ақпарат және тараптардың міндеттемелерін орындау мерзімдері мен талаптарына әсер ететін жағдайларды растайтын құжаттарды, сондай-ақ келісім-шарт бойынша резидент еместің міндеттемелерін орындалғанын растайтын құжаттарды ұсынуы туралы жазбаша сұрату жібереді.

**Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.11.28 N 93 Қаулысымен.**

5-2. 5-1-тармаққа сәйкес сұратылған құжаттарды (бар болған кезде) және ақпаратты экспортер немесе импортер сұрату алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде ұсынады.

Уәкілетті банк экспортердің немесе импортердің Ереженің 5 және 5-2-тармақтарында көзделген мерзімдерді сақтауын бақыламайды.

**Ескерту. 5-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.11.28 N 93 Қаулысымен.**

6. Уәкілетті банк келісім-шарт бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымы жүргізілгенге дейін қолда бар валюта бақылау құжаттарын экспортер немесе импортер ұсынған (не уәкілетті банктің қызметкери - уәкілетті банк экспортер немесе импортер болып табылатын келісім-шарттар бойынша) құжаттармен және ақпаратпен келісім-шарттың және мәміле паспортының деректемелеріне сәйкес келуіне салыстырып тексереді.

Келісім-шарттың және мәміле паспортының деректемелері экспортер немесе импортер (не уәкілетті банктің қызметкери - уәкілетті банк экспортер немесе импортер болып табылатын келісім-шарттар бойынша) ұсынған құжаттарға және ақпаратқа сәйкес келмеген кезде уәкілетті банк жіберілетін төлемдер бойынша

төлем жасаудан бас тартады. Кіріс төлемдері (экспортердің немесе импортердің шетелдік банктегі шотына экспорттық келісім-шарт бойынша ақы төлеу ретінде не импорттық келісім-шарт бойынша пайдаланылмаған авансты қайтару ретінде түскен қаражат аударымын қоса алғанда) бойынша банкаралық хабарламаларда келісім-шарттың және мәміле паспортының деректемелері сәйкес келмеген не болмаған кезде уәкілетті банк ақша есептеуді экспортер немесе импортер осы ақша түсімі бойынша келісім-шарттың және мәміле паспортының деректемелерін жазбаша **растапаннан** **кейін** **жүргізеді**

Репатриациялау мерзімдерін сақтамау уәкілетті банк үшін ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізуден бас тартуға негіз болып табылмайды.

Ереженің 47 және 49-тармақтарында белгіленген жағдайларда уәкілетті банк Ереженің аталған тармақтарында белгіленген тәртіппен мәміле паспортына қосымша парап ресімделгеннен кейін экспортердің немесе импортердің тапсырмасы бойынша немесе пайdasына ақша төлемін және (немесе) аударымын **жүргізеді**.

**Еске**рту. **6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз)**  
**Қаулысымен.**

6-1. Ереженің 7-тармағының 1) және 6) тармақшаларына сәйкес резидент емес те не резидентте баламасы елу мың АҚШ долларынан аспайтын сомадағы берешектер қалдығының болуы негізінде мәмілелер паспорттары жабылған жағдайда тараптардың қарым-қатынастарын аяқтау мақсатында берешектің көрсетілген қалдық сомасына келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау келісім-шарт негізінде мәміле паспортының жүзеге асырылады.

**Еске**рту. **6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз)**  
**Қаулысымен.**

7. Ұлттық Банктің филиалы Ереженің 5 және 5-2-тармақтарына сәйкес экспортер немесе импортер ұсынған құжаттар және ақпарат негізінде экспортердің немесе импортердің іс-әрекеттерінде өкімшілік құқық бұзушылықтың болуы туралы мәселені қарайды не қылмыстық жазалау іс-әрекеттерінің белгілері болған кезде құқық қорғау органдарына олардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктеріне сәйкес **ақпарат жібереді**.

**Еске**рту. **7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.11.28 N 93 Қаулысымен.**

8. Кеден органының тауарларды кедендік ресімдеуді жүргізген лауазымды тұлғасы Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы алып өтетін тауарларды кедендік ресімдеу кезеңінде мәміле паспортын ресімдеу талап етілетін

келісім - шарттар

б о й ы н ш а :

1) мәміле паспортының болуын, ал Ереженің 47 және 49-тармақтарында көрсетілген жағдайларда сондай-ақ мәміле паспортына қосымша паракты т е к с е р у д і ;

2) мәміле паспортындағы ақпараттың, жүктің кедендік декларациясында мәлімделген мәліметтердің және Ереженің 41-тармағында белгіленген тәртіппен Ұлттық Банк жіберген ақпараттың сәйкес келуін тексеруді жүзеге асырады.

Мәміле паспорттары жөніндегі ақпарат болмаған немесе Ереженің 41-тармағында белгіленген тәртіппен Ұлттық Банк жіберген мәміле распорттары жөніндегі ақпарат мәміле паспорттарындағы ақпаратпен сәйкес келмеген кезде, кедендік ресімдеу экспортер немесе импортер ұсынған мәміле паспорты негізінде, ал Ереженің 47 және 49-тармақтарында көрсетілген жағдайларда сондай-ақ экспортер немесе импортер ұсынған мәміле паспортына қосымша парап негізінде жүргізіледі.

### **3-тарау. Мәміле паспортын ресімдеу тәртібі және талаптары**

9. Ереженің осы тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда мәміле паспортын экспортердің немесе импортердің банктік шотына қызмет көрсететін уәкілетті                    банкте                    ашылады                    және                    жабылады.

Мәміле паспорты экспортер немесе импортер келісім-шарт бойынша ақша төлемін және (немесе) аударымын жүзеге асыруды бастағанға дейін және келісім-шарт бойынша тауарлар кедендік ресімделгенге дейін ашылады.

Ереженің осы тармағының төртінші бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, төлемдер және (немесе) ақша аударымдары экспортердің немесе импортердің Заңның 12-бабының 2-тармағының 4) тармақшасында көзделген шетелдік банктегі шоттарын пайдалана отырып жүзеге асырылатын келісім-шарттар бойынша мәміле паспорты экспортердің немесе импортердің орналасқан жері бойынша Ұлттық Банк филиалында Ереженің осы тарауында белгіленген                    тәртіппен                    ашылуы,                    жабылуы                    тиіс

Уәкілетті банк экспортер немесе импортер болып табылатын келісім-шарттар бойынша мәміле паспорттары уәкілетті банкте ашылады және жабылады.

**Ескеरту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз)  
Қаулысымен.**

10 .                    М ә м і л е                    п а с с о р т ы :

1) тауарлар Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы сыртқы сауданың кедендік статистикасында экспорт немесе импорт ретінде есепке

алынатын кедендік режимдердің бірінде ресімделіп, экспортер немесе импортер жасаған тауарлар сатып алу немесе сату келісім-шарттар бойынша алыш өткізілген;

2) бұрын экспорттан (еркін айналысқа шығарудан) өзгеше кедендік режимде ресімделген тауарлар меншіктеу құқығының резиденттен резидент емеске (резидент еместен резидентке) өтуіне байланысты осы тауарларды экспорттау (еркін айналыс үшін шығару) үшін кеден органына мәлімдеген;

3) егер осы тауарлардың құны осы келісім-шартты жасау күні елу мың АҚШ долларынан асқан жағдайда, жұмыс орындау, қызмет көрсету келісім-шарттары бойынша тауарларды Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы сыртқы сауданың кедендік статистикасында экспорт немесе импорт ретінде есепке алынатын кедендік режимдердің бірінде ресімдеп, алыш өткен;

4) егер лизинг беруші немесе лизинг алушы резидент емес болып табылған жағдайда, тауарларды Қазақстан Республикасының шекарасынан тауарды меншіктеу құқығының лизинг алушыға өтуі көзделетін, бір күнтізбелік жылдан астам мерзімге лизинг келісім-шарттары бойынша алыш өткен жағдайда;

5) мәміле паспорты банкінің банктік және өзге операцияларды жүргізуге берілген лицензиясы тоқтатыла тұрған не одан айырған және мәміле паспортын жабу үшін негіз болмаған жағдайда, мәміле паспортының банкі болып табылмайтын уәкілетті банкке қызмет көрсетуге өткен;

6) Ереженің 35-тармағында белгіленген жағдайларда әрбір келісім-шартқа жеке ашылады (егер келісім-шарт бойынша жеткізілетін тауарлардың құны оны жасау күні елу мың АҚШ долларынан асса).

**Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) Қаулысымен.**

11. Мәміле паспортын ресімдеу үшін экспортер немесе импортер:

1) мәміле паспортының Ереженің 1 және 2-қосымшаларында белгіленген нысан бойынша толтырылған екі данасын;

2) келісім-шарттың түпнұсқасын не оның нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады.

Резидент емеспен құжаттар жіберудің электрондық құралдарын пайдалана отырып келісім-шарт жасаған жағдайда экспортер немесе импортер уәкілетті банкке оның техникалық құралдар арқылы жасалған көшірмесін барлық тараптың қолдары мен мөрлери болған кезде мәміле паспорты ресімделген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде келісім-шарттың түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін бере отырып ұсынады.

Мәміле паспорты банкінің қызметкери келісім-шарттың экспортер немесе импортер ұсынған түпнұсқасын не нотариат куәландырған көшірмесін іс

қағазында бар көшірмесімен салыстырып тексереді және тараптардың және тараптар қатысушыларының міндеттемелерді орындау мерзімдері, сомасы және нысаны бойынша айырмашылықтар болған жағдайда, Ереженің 44-тармағында белгіленген тәртіппен Ұлттық Банкке ақпарат жібереді.

**Ескеरту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) Қаулысымен.**

12. Мәміле паспорты банкінің қызметкері экспортер немесе импортер Ереженің 11-тармағында көрсетілген барлық құжатты ұсынған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде мәміле паспортында көрсетілген ақпараттың келісім-шарттың талаптарына сәйкес келуін тексереді, мәміле паспортының ұсынылған даналарына қол қояды, Ереженің 3-қосымшасында белгіленген нысан бойынша мәміле паспорттарын тіркеу журналына тіркеу арқылы мәміле паспортының нөмірін және күнін береді, экспорт немесе импорт жөніндегі іске орналастыру үшін келісім-шарттың көшірмесін дайындауды. Мәміле паспортының уәкілетті банктің қызметкері қол қойған бірінші данасы экспортерге немесе импортерге қайтарылады. Мәміле паспортының екінші данасы мәміле паспорты банкінің экспорт немесе импорт бойынша іс қағаздарын қалыптастыру үшін негіз болады.

Мәміле паспортының экспортер немесе импортер ұсынған даналарында шамалы дәлсіздіктер (әріптерді, сандарды тастан кету, мәміле паспорты банкінің, резидент еместің деректемелеріндегі қате) анықталған кезде мәміле паспорты банкінің қызметкері қолын қойып және уәкілетті банктің мөрімен расталған түзетулерді жүзеге асырады.

Мынадай талаптардың тым болмаса біреуінің болуы мәміле паспорты банкі үшін мәміле паспортын ресімдеуден бас тарту үшін негіз болып табылады:

1) экспортердің немесе импортердің мәміле паспортын оны ресімдеу тәртібін және талаптарын бұза отырып толтыруы, оның ішінде экспортер немесе импортер мәміле паспортында көрсеткен ақпараттың келісім-шарттағы ақпарат пен сәйкес келмеуі;

2) келісім-шартта Қазақстан Республикасының валюта заңнамасының талаптарына қайшы келетін талаптардың болуы, оның ішінде келісім-шартта резидент еместің міндеттемелерді орындау мерзімдерінің болмауы;

3) экспортердің немесе импортердің қолдарының және (немесе) мөрлерінің экспортердің немесе импортердің банктік шоты бойынша бірінші қолды қоюға құқығы бар тұлғалардың қолдарының үлгісі бар құжаттағы қол қою және мөр үлгісіне сәйкес келмеуі және (немесе) экспортердің немесе импортердің уәкілетті банкте банктік шотының болмауы.

**Ескеरту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) Қаулысымен.**

13. Мәміле паспортына қосымша параптар:

1) осы Ереженің 4-1-тармағында көрсетілген;

2) Ереженің осы тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда мәміле паспортында көрсетілген ақпарат өзгерген;

3) Ереженің 47 және 49-тармақтарында көрсетілген жағдайларда, ақпараты нақтылануға жататын бөлімдері толтырыла отырып мәміле паспортының нысаны бойынша жасалады.

Мәміле паспортына қосымша параптарды одан әрі ресімдеу және пайдалану мәміле паспорты үшін белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Бұл ретте қосымша парапта жоғарғы он бұрышта оны мәміле паспорты банкінің ресімдеген күні көрсетіледі. Ресімделген қосымша параптарды мәмілелер паспорттарын тіркеу журналында көрсету талап етілмейді.

Экспортер немесе импортер тіркеу куәлігін және (немесе) хабарлама туралы күелікті ұсынған кезде мәміле паспортының банкі мәміле паспортының өз данасының және экспортер немесе импортер данасының "Мәміле паспорты банкінің ерекше белгілері" бөліміне куәлігінің және (немесе) хабарлама туралы куәлігінің деректемелерін енгізеді.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.11.28 N 93, 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) Қаулыларымен.**

14. Мәміле паспортының банкі мәміле паспорттары бойынша әрбір экспортер немесе импортер бойынша валюта бақылау құжаттарынан, олардың түсінен қарай қалыптастырылатын іс қағазын жүргізеді.

15. Түсken сомаларды бірегейлендіру үшін экспортер немесе импортер резидент еместі экспортердің немесе импортердің пайдасына ақша аударуға арналған төлем құжаттарында келісім-шарттың деректемелерін және мәміле паспортының нөмірлерін көрсету қажеттілігі туралы хабарлайды.

16. Келіп түсken тауарларды бірегейлендіру үшін импортер резидент емеске импортердің атына жіберілетін және тауарды оның пайдасына тиеп жіберілгенін растайтын тауарға ілеспе құжаттарда келісім-шарттың деректемелерін және мәміле паспортының нөмірін көрсету қажеттілігі туралы хабарлайды.

17. Төлем құжатында мәміле паспорты бойынша түсken ақшаны есепке алу үшін қажетті деректер болмаған жағдайда, мәміле паспортының банкі оларды экспортерді немесе импортерді келіп түсken сомаларды бірегейлендіру қажеттілігі туралы алдын ала жазбаша хабарлай отырып жіберушінің нұсқауларын сақтау шотына есепке алады.

Экспортер немесе импортер мәміле паспортының банкін келісім-шарттың деректемелерін және мәміле паспортының нөмірін көрсете отырып түскен соманың сипаты туралы жазбаша хабардар етеді. Егер 180 күн ішінде ақша нақты мәміле паспорты бойынша бірегейлендірілмесе не экспортер немесе импортер Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында көзделген құжаттар мен ақпаратты ұсыну бойынша өзге іс-әрекеттерді орындауда, мәміле паспортының банкі жіберушіге осындай нұсқауды орындастан қайтарады.

18. Келісім-шарт бойынша басқа уәкілетті банкке ақша түскен кезде уәкілетті банк ақшаны экспортердің немесе импортердің банктік шотына есепке алады және экспортердің немесе импортердің тапсырмасы негізінде түскен ақшаны мәміле паспортының банкіне аударуды жүзеге асырады. Экспортер немесе импортер ақша аударуға арналған етінішке мәміле паспортының банкі растаған мәміле паспортының көшірмесін қоса береді, ол ақша аударуға арналған етінішпен бірге өзге уәкілетті банк үшін ақша аударуды жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

19. Егер ақша төлемінің және (немесе) аударымының валютасы келісім-шарттың валютасымен сәйкес келмесе, мәміле паспортының банкі түскен с о м а н ы :

- 1) ақша төлемі және (немесе) аударымы келісім-шарт бойынша төлем валютасымен жүзеге асырылған жағдайда валюталық келісімге сәйкес;
- 2) өзге жағдайларда экспортермен немесе импортермен келісілген бағам бойынша келісім-шарттың валютасымен есепке алады.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) қаулысымен.**

#### 20. Мәміле паспортын ресімдеу:

- 1) уәкілетті банктер Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы қолма-қол ақша алып өткен кезде;
- 2) Ұлттық Банк немесе уәкілетті банктер шетел банктеріндегі металл шоттарға орналастыру үшін қымбат металдарды әкеткен кезде;
- 3) Ұлттық Банк немесе уәкілетті банктер Қазақстан Республикасының аумағына қымбат металдар әкелген кезде;
- 4) ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыртқы заемдары немесе Қазақстан Республикасының кепілдік беруімен қамтамасыз етілген сыртқы заемдар есебінен жүргізіletін келісім-шарттар бойынша;
- 5) Қазақстан Республикасының ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын мемлекеттік органдарының бөлімшелері (ведомстволары) арқылы жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелерімен және мемлекеттік кәсіпорындарымен жасалған келісім-шарттар бойынша;

6) экспортермен немесе импортермен жасаған, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар алып өту қөзделмейтін және тиісінше кедендік ресімдеу талап етілмейтін келісім-шарттар бойынша;

7) тауарларды өтеусіз келісім-шарттар бойынша алып өткен кезде талап етілмейді.

21. Нақты соманы және мәміле паспортын толтыру үшін қажетті басқа ақпаратты айқындаудайтын келісім-шарттар бойынша мәміле паспортын ресімдеу келісім-шарт және мәміле паспортының бөлімдерін толтыру үшін қажетті мәліметтер бар келісім-шартқа қосымшалар, ерекше нұсқамалар немесе инвойстар негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте экспортер немесе импортер аударылған сомаларды мәміле паспортының нөміріне және осындай инвойстардың, қосымшалардың немесе ерекше нұсқамалардың деректемелеріне сәйкес бірегейлендіруді қамтамасыз етеді.

22. Жеткізілетін тауарлардың болжамды бағалары қөзделетін келісім-шарттар бойынша мәміле паспорттарын ресімдеу кезінде мәміле паспортының "Мәміле паспорты банкінің ерекше белгілері" бөлімінде бағалардың болжамды екенін көрсетіледі. Тауарлардың құнын белгілеу кезінде мәміле паспортына қосымша парал тауар құнын растайтын құжаттар негізінде ресімделеді.

23. Дистрибутордың немесе дилердің банктік шоты арқылы ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүргізу белгіленетін, әкелінетін тауарлар еркін айналыс үшін шығару режимінде ресімделетін және келісім-шарттың дәл сомасы алдын ала белгілі болмайтын дистрибуторлық немесе дилерлік келісімдер бойынша мәміле паспорты мәміле паспортынан банкінің инвойстар негізінде ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүргізу алдында толтырылатын ашық бағандармен ресімделеді.

24. Егер ақы төлеу аударым аккредитивін пайдалану арқылы экспортердің (сауда делдалының) және резидент жүк жіберушінің пайдасына жүргізілсе, онда мәміле паспорты экспортерге қызмет көрсететін, аударым аккредитиві бойынша аудару банкі ретінде болатын мәміле паспортының банкінде ресімделеді.

Тауар экспортты үшін ақы төлеу түсімі мынадай жағдайларда толық көлемде түскен болып саналады:

1) егер екі бенефициардың (экспортердің және жүк жіберушінің) банктік шоттарына түсімдердің сомасы келісім-шарт пен мәміле паспортының талаптарына сәйкес келсе. Бұл ретте экспорттан түскен түсім туралы ақпаратта аккредитив бойынша уәкілдепті банкке түскен барлық сома бірінші бенефициар экспортер мен екінші бенефициар - жүк жіберуші арасында бөлінгенге дейін көрсетіледі;

2) егер екінші бенефициардың банктік шотына түскен сома бірінші бенефициардың банктік шотына түсуі тиіс соманы шегере отырып келісім-шарт

сомасына тең болса (бірінші бенефициар аударатын банктің алғашқы талабы бойынша екінші бенефициардың шотының (инвойстың) орнына өз шотын (инвойс) ұсынбаған және аккредитив бойынша ақы төлеуді банк-эмитент екінші бенефициардың пайdasына жүзеге асырған жағдайда).

#### **4-тaraу. Жеке оқиғалар. Мәміле паспорттың үшінші тұлғалардың қатысуымен ресімдеу**

25. Ереженің 6-тaraуына сәйкес ақпарат алмасу мақсаттарында пайдаланылатын, атауын, пошта адресін, сондай-ақ электрондық адресін өзгерткен мәміле паспорттың банкі мыналарды:

1) осындай өзгерістер күнінен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей Үлттық Банкті хабардар етуді;

2) мәміле паспорттарына кезекті қосымша параптерды ресімдеу кезінде "Мәміле паспорты банкінің ерекше белгілері" бөлімінде жаңа атауын көрсетуді;

3) оның бұрынғы адресіне немесе бұрынғы атауына экспорт-импорт валюта бақылауы шенберінде келіп түскен хат-хабарларды Ереженің осы тармағының 1) тармақшасы орындалған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде қабылдауды қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 25-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданыска 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) қаулысымен.**

26. Экспортер немесе импортер басқа уәкілетті банктің қызмет көрсетуіне өткен және резидент еместің келісім-шарт бойынша елу мың АҚШ доллары баламасынан асатын берешегінің қалдығы болған жағдайда, экспортер немесе импортер алдыңғы мәміле паспорты банкіне басқа уәкілетті банктің қызмет көрсетуіне өтуге байланысты мәміле паспорттың жабу туралы өтінішті және мәміле паспорты бойынша ақша және тауар қозғалысы туралы ақпаратты басқа мәміле паспорты банкіне оның сұратуы бойынша беруге жазбаша келісім береді.

Экспортер немесе импортер мәміле паспорттың жабу туралы өтінішті берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде Ереженің 3-тaraуында белгіленген тәртіппен жаңа мәміле паспорты банкінде мәміле паспорттың ресімдейді. Жаңа мәміле паспорты банкі жаңа мәміле паспорты ресімделген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде экспортердің немесе импортердің жазбаша келісімі негізінде алдыңғы мәміле паспортының банкіне жаңа мәміле паспортының ресімделгені туралы хабарламаны және мәміле паспорты бойынша ақша және тауар қозғалысы туралы ақпаратты беру туралы жазбаша сұратуды жібереді.

Алдыңғы мәміле паспорты банкі көрсетілген хабарламаны және жазбаша сұратуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мәміле паспорттың жабады

және жаңа Мәміле паспорты банкіне ақша және тауар қозғалысы және Мәміле паспортын жабу туралы қолда бар ақпаратты береді.

Мәміле паспорты банкі уәкілетті банктің бір филиалынан уәкілетті банктің басқа филиалының қызмет көрсетуіне өту арқылы өзгерген жағдайда, Мәміле паспортын қайта ресімдеу талап етілмейді. Мәміле паспорты банкі жөніндегі жаңа ақпарат мәміле паспортының "Мәміле паспорты банкінің ерекше белгілері" деген бөлімінде көрсетіледі. Бұл ретте Мәміле паспортына бұрын қызмет көрсеткен уәкілетті банктің филиалы екі жұмыс күні ішінде Мәміле паспорты бойынша барлық құжаттар мен ақпаратты уәкілетті банктің осы Мәміле паспортын бақылауға қабылдайтын филиалына береді.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) қаулысымен.**

27. Мына төмөндеғі:

1) уәкілетті банктің:

экспортерге немесе импортерге банктік шот ашқаны және келісім-шарт бойынша жүргізілген төлемдер мен (немесе) ақша аударымдары жөнінде банктік шот ашылған немесе төлем жүргізілген және (немесе) ақша аударылған операциялық күннен кешіктірмей уәкілетті банк пен оның филиалы арасында ақпарат алмасуға;

Ережеде белгіленген тәртіппен ұсынылған мәміле паспорттары бойынша тауар қозғалысы туралы ақпаратқа уәкілетті банк көрсетілген ақпаратты алған операциялық күннен кешіктірмей кіруге;

ресімделген мәміле паспорттары бойынша уәкілетті банк (оның филиалдары) мәміле паспортын ресімдеген операциялық күннен кешіктірмей уәкілетті банк жөнінде тұтасымен жиынтық ақпараты болуға;

экспорт немесе импорт бойынша маңызды электрондық іске кіруге мүмкіндік беретін интеграцияланған автоматтандырылған ақпарат жүйесі болған;

2) мына:

экспортердің немесе импортердің тапсырмалары бойынша валюталық операцияларды жүргізу;

уәкілетті банктің өз филиалдарына мәміле паспорты бойынша тауар қозғалысы туралы ақпаратты жіберу;

уәкілетті банктің тәуекелдерді басқару жүйесі шегінде уәкілетті банк филиалының валюталық бақылау агенттерінің функцияларын жүзеге асыруға және уәкілетті банктер филиалдарының келісім-шарттар бойынша ақша және тауар қозғалысы туралы ақпаратқа кіруіне байланысты тәуекелдерді бағалауды, өлшеуді, бақылауды және мониторингін жүзеге асыру рәсімдерін реттейтін ішкі ережелер болған;

3) уәкілетті банк (оның филиалы) бойынша мәміле паспорттарына нөмірлерді ретін сақтай отырып беруді қамтамасыз ететін мәміле паспорттарын тіркеу журналын және экспорт немесе импорт бойынша іс қағаздарын электрондық түрде жүргізу мүмкіндігі болған жағдайларда, мәміле паспорттары бойынша төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын уәкілетті банктің әртүрлі филиалдарында жүзеге асыруға, сондай-ақ уәкілетті банктің (оның филиалының) әртүрлі орналасқан жері бар операциялық залдарының мәміле паспорттарын ресімдеуіне рұқсат етіледі.

28. Мәміле паспорты банкінің корреспонденттік шотына экспорттық түсімнің түсуін не уәкілетті банктің банк және өзге операцияларды жүргізуге лицензиясын тоқтата туру не одан айыру себепті кейіннен экспортердің немесе импортердің банктік шотына есептелмеген импорт жөніндегі келісім-шарт бойынша бұрын аударылған ақшаның қайтарылуын бақылауды жүзеге асыру үшін, экспортердің немесе импортердің пайдасына ақша түскенін растайтын құжат ретінде мәміле паспорты банкінің тарату комиссиясының мәміле паспортының таратылатын банкінің корреспонденттік шотына нақты мәміле паспорты бойынша бірегейлендірілген ақшаның түскені туралы анықтамаларын қабылдауға рұқсат етіледі.

**Ескеरту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) қаулысымен.**

29. Резиденттің келісім-шарт бойынша төлеуші үшінші тұлға ретінде қатысуы :

1) резидент үшінші тұлға резидент емеске кредит ұсынған;  
2) импортер және резидент үшінші тұлға арасында жасалған бірлескен қызмет туралы шарт немесе агенттік шарт шенберінде резидент үшінші тұлға келісім-шарт бойынша төлемдерді жүзеге асырған;

3) экспортердің резидент емеске және резидент еместің резидент үшінші тұлғаға талаптары ескерілген;

4) үшінші тұлғалар тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетуді) сатып алуды және өзге де мәмілелерді қаржыландырған, сондай-ақ үшінші тұлғалардың кредитор алдындағы нәтижесінде қаржыландыруды және (немесе) осы орындауды ұсынған тұлғаға сыйақымен немесе ондайсыз ақшаны және өзге мүлікті қайтару жөніндегі міндеттемелері орындалып берілген тұлғаның міндеті туындастын міндеттемелерін орындаған жағдайларда мүмкін болады.

**Ескерту. 29-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) қаулысымен.**

30. Бір резидент үшінші тұлға келісім-шартқа ақы төлеген кезде мәміле паспортын экспортер немесе импортер толтырады және үшінші тұлғаның қатысуымен үшінші тұлғаға қызмет көрсететін уәкілетті банкке (бұдан әрі - үшінші тұлғаның банкі) мәміле паспортының барлық бөлімдерін, оның ішінде "Үшінші тұлғаның деректемелерін" бөлімін толтыра отырып, төрт данамен ( экспортер немесе импортер, мәміле паспортының банкі, үшінші тұлға және үшінші тұлғаның банкі үшін бір-бір данадан) ұсынылады.

Үшінші тұлғаның банкі Ереженің 11-тармағына сәйкес мыналарды ескере отырып, мәміле паспортының барлық данасын ресімдейді:

мәміле паспортына нөмір мен күн берілмейді;  
мәміле паспортының барлық данасы мәміле паспортының банкіне беріледі.

Мәміле паспортының банкі үшінші тұлғаның банкінен мәміле паспортының барлық данасын алған соң, мыналарды ескере отырып, оларды Ереженің 11-тармағына сәйкес ресімдейді:

мәміле паспортының нөмірі мен күні мәміле паспортының бір данасына беріледі, мәміле паспортының қалған даналарында осы нөмір және күн көрсетіледі;

мәміле паспорты банкінің қызметкері қол қойған мәміле паспортының бірінші данасы экспортерге немесе импортерге қайтарылады, мәміле паспортының екінші данасы мәміле паспорты банкінің іс қалыптастыруына негіз болады, мәміле паспортының қалған даналары үшінші тұлғаға және үшінші тұлғаның банкіне (үшінші тұлға және үшінші тұлғаның банкі үшін бір-бір данадан) беріледі.

Егер екі және одан да көп резидент үшінші тұлға келісім-шартқа ақы төлеген жағдайда, экспортер немесе импортер үшінші тұлғаларды көрсетпей, мәміле паспортын екі данада толтырады және экспортердің немесе импортердің банктік шотына қызмет көрсететін уәкілетті банкке (мәміле паспорты ресімделгеннен кейін мәміле паспортының банкі болатын) ұсынады.

Мәміле паспорты тиісінше ресімделгеннен кейін экспортер немесе импортер үшінші тұлғаның банкіне үшінші тұлғаның қатысуымен мәміле паспортына толтырылған қосымша парактарды төрт данамен (экспортер немесе импортер, мәміле паспортының банкі, үшінші тұлға және үшінші тұлғаның банкі үшін бір-бір данамен), немесе "Үшінші тұлғаның деректемелері" бөлімі толтырылатын одан да көп данамен (келісім-шартқа қатысуышы үшінші тұлғалардың санына қарай) ұсынады. Үшінші тұлғаның банкі мәміле паспортының қосымша парагын валюталық бақылауға қабылдағаннан кейін үшінші тұлғаның банкі (егер үшінші тұлғалар бірнешеу болса, онда үшінші тұлғаның қосымша паракта қол қойған банктерінің ең соңғысы) мәміле паспортының қосымша парагының барлық данасын мәміле паспортының банкіне жібереді. Мәміле паспортының

банкі Ереженің 13-тармағына сәйкес мәміле паспортының қосымша параптаратын ресімдейді, мәміле паспортының қосымша парапының бір данасын өзінде қалдырады және экспортерге немесе импортерге, үшінші тұлғаға, үшінші тұлғаның банкіне (банктеріне) мәміле паспортының қосымша парапының д а на л а р ы н б е р е д і .

Ушінші тұлғаның банкі мәміле паспортының банкінен мәміле паспортына ресімделген қосымша парапты алғанға дейін ақша төлемдерін және (немесе) аударымдарын жүргізбейді. Ушінші тұлғаның банкі ақша төлемдері және (немесе) аударымдары жүзеге асырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мәміле паспортының қосымша парапы бойынша жүргізілген ақша төлемі және (немесе) аударымы туралы ақпаратты мәміле паспортының банкіне жібереді. Ереженің 29-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда келісім-шарт бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін импортер және резидент үшінші тұлға арасындағы төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты Мәміле паспорты банкінің Ұлттық Банкке беруі талап е т і л м е й д і .

Мәміле паспортының банкі мәміле паспортының қосымша параптараты шенберінде үшінші тұлғалардың банктері төлеген сомаларды ескере отырып, келісім-шарт бойынша валюта бақылауын жүзеге асырады.

Экспортердің немесе импортердің Мәміле паспортын жабу туралы өтініші түсken кезде Мәміле паспорты банкі Мәміле паспортын жабу үшін негіздер болған кезде оны Ереженің 36 және 37-тармақтарына сәйкес жабады және үш жұмыс күні ішінде үшінші тұлғаның банкіне Мәміле паспортының деректемелерін көрсете отырып, еркін нысанда жабу туралы хабарлама жібереді.

**Ескерту. 30-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) қаулысымен.**

31. Келісім-шартқа резидент емес үшінші тұлға (-лар) ақы төлеген кезде ол (олар) бойынша ақпарат ол келісім-шартта болған кезде Мәміле паспортының "Мәміле паспорты банкінің ерекше белгілері" бөлімінде көрсетіледі.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) қаулысымен.**

32. Мәміле паспортының банкі есеп айырыулардың вексельді нысанын көздейтін мәміле паспорты бойынша бақылауды вексель ұстаушылар болып табылатын экспортерден немесе импортерден мынадай құжаттарды:

1) төлеуші не вексель бойынша міндettі өзге тұлға вексель бойынша өтеу кезінде оны өтеген кезде ол бойынша төлем түсken жағдайда, осы төлемді растайтын құжаттар (акцептелген вексельдің көшірмесі және төлем құжаты);

2) экспортер немесе импортер есепке алу үшін есеп кеңсесіне вексель ұсынған жағдайда, вексельдің жүргізілген есебін, яғни дисконтты шегере отырып немесе онсыз (есеп кеңсесінің пайдасына индоссиленген вексельдің көшірмесі және төлем құжаты) экспортерге немесе импортерге төлем жасалғанын  
расстайтын құжаттарды;

3) вексельді төлем құралы ретінде пайдаланған жағдайда, вексель бойынша құқық берілген тұлғамен келісім-шарт, тиісті ауыспалы жазуы (индоссаменті) бар осы вексельдің көшірмесі осы операцияның жүргізілгенін растайтын өзге де құжаттар (мәміле паспорты, жүктің кедендік декларациясы және басқалары) алғанға дейін жүзеге асырады (экспортер немесе импортер вексельді пайдалануына байланнысты).

Вексель бойынша валюта басқа уәкілетті банкке түскен кезде вексель ұстаушы болып табылатын экспортер немесе импортер басқа уәкілетті банкке валютаны мәміле паспортының банкіне аударуды тапсырады.

Егер вексель беруші импортер болып табылса және импорт жөніндегі келісім-шарт бойынша тауарлар вексель бойынша төлем мерзімі басталғанға дейін жеткізілген жағдайда, мәміле паспорты осы вексель үшін ақы төлеуге ұсынылған күнге дейін бақылануы тиіс, бұл ретте вексель сомасы келісім-шарттың жалпы сомасынан аспауы тиіс. Есеп айырысуладың вексельді нысанындағы импорт жөніндегі келісім-шарттар бойынша вексель эмитенті үшінші тұлға болып табылған жағдайда, мәміле паспорты тауарлар импортерге жеткізілген күнге дейін жабылмайды.

33. Ақпарат жазылған ақпарат тасымалдағыштарды (магнитті дискілерді, магнитті ленталарды, компакт-дискілерді, басқа да ақпарат тасымалдағыштарды) Қазақстан Республикасының кедендік аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының кедендік аумағынан тыс әкету кезінде мәміле паспорты келісім-шарттың бүкіл сомасына ресімделеді.

34. Экспортер немесе импортер мәміле паспортын немесе оның қосымша парагын жоғалтқан жағдайда, мәміле паспортының дубликаты немесе мәміле паспортының қосымша парагының дубликаты экспортердің немесе импортердің жазбаша өтініші негізінде ресімделеді. Бұл ретте мәміле паспортының банкінде тұрған құжаттарды қайта ұсыну талап етілмейді. Мәміле паспортының дубликаты немесе мәміле паспортының қосымша парагының дубликаты мәміле паспорты банкінің экспортты немесе импортты жөніндегі істе тұрған мәміле паспортының немесе мәміле паспортының қосымша парагының түпнұсқасының нақты көшірмесі болып табылады. Мәміле паспортының дубликатын немесе мәміле паспортының қосымша парагының дубликатын ресімдеу кезінде мәміле паспортының банкі мәміле паспортында немесе мәміле паспортының қосымша парагының дубликатында "Дубликат" деген сөзді көрсетеді.

35. Экспортер немесе импортер резидент емеске қойылатын талап ету құқығын резидентке берген кезде қайтару талаптарының орындалуына бақылауды мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

1) егер құқықты беру нәтижесінде экспортердің немесе импортердің және сол сияқты резидент емеске қойылатын талап ету құқығы көшкен резиденттің резидент емеске қойылатын талап ету сомасы елу мың АҚШ доллары баламасынан асып кетсе, резидент емеске қойылатын талап ету құқығы көшкен резидент жөніндегі ақпаратты мәміле паспортының "Ұшінші тұлғаның деректемелері" бөлімінде көрсету үшін Ереженің 30-тармағында көрсетілген тәртіппен мәміле паспортына қосымша парақ ресімдеу қажет. Резидент емеске қойылатын талап ету құқығы көшкен резидентке қызмет көрсететін Банк клиенттен ақпаратты алған немесе төлем және (немесе) ақша аударымы жүргізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей осы ақпаратты экспортердің немесе импортердің мәміле паспортының банкіне Ереженің 4-қосымшасында белгіленген нысан бойынша хабарлайды;

2) егер құқықты беру нәтижесінде немесе жүргізілген төлемдерден және (немесе) ақша аударымдарынан және жеткізулерден кейін Ереженің осы тармағының 1) тармақшасында белгіленген жағдайларда резидент емеске қойылатын талап ету құқығының сомасы экспортерде немесе импортерде елу мың АҚШ доллары баламасынан аспаса, онда экспортердің немесе импортердің мәміле паспорты мыналар ескеріле отырып жабылуы тиіс:

егер резидент емеске қойылатын талап ету құқығы көшкен резидентте беру нәтижесінде немесе Ереженің осы тармағының 1) тармақшасында белгіленген жағдайларда ақша төлемдері және (немесе) аударымдары және жеткізілімдер жүргізілгеннен кейін алынған, резидент емеске қойылатын талап ету құқығының сомасы елу мың АҚШ доллары баламасынан асса, онда мәміле паспортының банкі резидент емеске қойылатын талап ету құқығы көшкен резидентке қызмет көрсететін уәкілетті банктен осы келісім-шарт бойынша мәміле паспортын ресімдеу туралы хабар алмайынша, мәміле паспортын жаппайды;

резидент емеске қойылатын талап ету құқығы көшкен резидент жаңа мәміле паспортын Ереженің 3-тарауында белгіленген тәртіппен мәміле паспортының "Мәміле паспорты банкінің ерекше белгілері" бөлімінде талап ету құқығы туралы келісім-шарттың деректемелерін көрсете отырып, ресімдейді.

Экспортердің немесе импортердің мәміле паспортының банкі мәміле паспортын жабады және Ұлттық Банкке Ереженің 43-тармағына сәйкес жіберілетін ақпаратта резидент еместің міндеттемелерді орындауы ретіндегі беру сомасын көрсетеді, сондай-ақ алдыңғы мәміле паспортының төлемдерінің және (немесе) ақша аударымдарының белгісі резидент емеске талап ету құқығы көшкен резиденттің жаңа мәміле паспорты бойынша ескереді.

Экспортердің немесе импортердің Мәміле паспорты банкі резидент емеске қойылатын талап ету құқығы көшken резидентке қызмет көрсететін уәкілетті банктен Мәміле паспортының ресімделгені туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде экспортердің немесе импортердің жазбаша келісімі негізінде жабылған Мәміле паспорты бойынша ақша және тауар қозғалысы туралы қолда бар ақпаратты резидент емеске қойылатын талап ету құқығы көшken резидентке қызмет көрсететін уәкілетті банкке жібереді.

Келісім-шарт бойынша одан әрі бақылауды резидент емеске қойылатын талап ету құқығы көшken резидентке қызмет көрсететін уәкілетті банк ақша және тауар қозғалысы туралы ақпаратты, сондай-ақ алдыңғы мәміле паспорты репатриациялау мерзімдерін ескере отырып, жүзеге асырады.

**Ескерту. 35-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз)**  
қ а у л ы с ы м е н .

"35-1. Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы тауарларды кедендік аумақта, аумақтан тыс, сондай-ақ еркін айналыс үшін қайта өндеу режимінде ресімдеп өткізуі көздейтін жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындау келісім-шарты бойынша Мәміле паспорты, егер келісім-шартта жұмыстардың (қызмет көрсетулердің) экспортты көзделсе, экспорт бойынша не келісім-шартта жұмыстардың (қызмет көрсетулердің) импортты көзделсе, импорт б о й ы н ш а р е с і м д е л е д і .

**Ескерту. 35-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз)**  
қ а у л ы с ы м е н .

35-2. Мәміле паспорты банкін таратқан жағдайда банктің тарату комиссиясы: экспортерлерге немесе импортерлерге - банк клиенттеріне өкілеттіктерді қабылдаған сәттен бастап үш ай ішінде Ереженің 37-тармағының 11) тармақшасына сәйкес Мәмілелер паспорттарын жабу қажеттілігі туралы х а б а р л а у д ы ;

Ережеге сәйкес экспортерлердің немесе импортерлердің өтініштері негізінде мәмілелер п а с п о р т т а р ы н ж а б у д ы ;

Ұлттық Банкке Ережеге сәйкес жазбаша нысанда Мәмілелер паспортын жабу туралы хабарламаларды жіберуді (Ереженің 39 және 40-тармақтарына сәйкес хабарламаларды электрондық түрде жіберу мүмкін болмаған жағдайда);

тарату ісінің барлық мерзімі ішінде мәмілелер паспорттары, оның ішінде жабылған Мәмілелер паспорттары бойынша істердің сақталуын және бес жұмыс күні ішінде жаңа Мәміле паспорты банкіне не Ұлттық Банкке олардың жазбаша сұратуы негізінде ақша және тауар қозғалысы туралы қолда бар ақпаратты беруді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

**Ескерту. 35-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) қаулысымен.**

35-3. Ереженің 37-тармағының 1)-3), 6), 12)-14) тармақшалары негізінде бұрын мәмілелер паспорттары жабылған келісім-шарттар бойынша Мәміле паспорты банкіне экспортердің немесе импортердің тиісті жазбаша өтініші негізінде экспортердің немесе импортердің таңдауы бойынша бұрында жабылған Мәмілелер паспорттары мәміле паспортында жаңартылуы не жабылған Мәміле паспортының деректемелерін "мәміле паспортында жаңартылуы не жабылған белгілері" бөлімінде көрсете отырып, жаңа мәмілелер паспорттары ашылуы мүмкін.

**Ескерту. 35-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) қаулысымен.**

## **5-тaraу. Мәміле паспортын жабу талаптары**

36. Келісім-шарт бойынша мәміле паспортын жабуды мәміле паспортының банкі мәміле паспортын жабу үшін Ереженің 37-тармағында көрсетілген қажетті негіздемелер бар болған жағдайда, экспортердің немесе импортердің мәміле паспортын жабу туралы өтініш жасаған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде не Ереженің 26-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырады. Ереженің 37-тармағының 5)-8), 15), 18) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда мәміле паспортын экспортердің немесе импортердің тиісті өтінішінсіз жабуға жол беріледі.

Жабылған мәміле паспорттары бойынша экспорт немесе импортқа байланысты істер мәміле паспортында мәміле паспортын жабылған күнінен бастап бес күнтізбелік жыл бойы сақталады.

**Ескерту. 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) қаулысымен.**

37. Мәміле паспортын жабу үшін мыналар негіз болып табылады:

1) келісім-шарт бойынша тараптардың міндеттемелерін толық орындауы не резидент еместің не резиденттің елу мың АҚШ доллары баламасынан аспайтын сомада берешегінің қалдығы болуы, оның ішінде жеңілдікті, есепке алуды ұсыну арқылы, борышкер мен кредитор бір тұлға болған, мемлекеттік орган актісінің шығуы салдарынан орындау мүмкін емес жағдайда міндеттемелердің тоқтатылуын растайтын құжаттар және экспортердің немесе импортердің тараптардың келісім-шарт бойынша міндеттемелерінің тоқтатылғаны туралы

жазбаша                    растауы                    болған                    жағдайда;

2) импортердің осы келісім-шарттың қолданылуын тоқтату туралы жазбаша  
растауы болған жағдайда, резидент емеске бұрын алынған тауарларды не  
импортерге                    пайдаланылмаған                    авансты                    қайтару;

3) резидент емес тауарға ақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған  
жағдайда, экспортерге бұрын тиеп жөнелтілген тауарларды қайтару не  
экспортердің осы келісім-шарттың қолданылуын тоқтатылуы туралы жазбаша  
растауы болған кезде экспортер тауарды жеткізу бойынша міндеттемелерін  
орындамаған жағдайда, экспорт бойынша келісім-шарттың ақысына экспортер  
алған                    валютаны                    резидент                    емеске                    қайтару;

4) экспортер немесе импортер резидент еместің алдында міндеттемелерін  
орындамаған жағдайда, экспортер немесе импортер алдында өз міндеттемелерін  
толық көлемде орындаған резидент еместің тарапынан наразылықтардың  
жоқтығын                    растайтын                    құжаттарды                    ұсыну;

5) жеке кәсіпкер ретінде тіркелген экспортердің немесе импортердің  
Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты мекен-жайға кетуі туралы үәкілетті  
органиң                    растамасы;

6) келісім-шарт мерзімінің аяқталуы және тараптар міндеттемелерін  
орындаған соңғы күннен бастап бір күнтізбелік жыл ішінде тараптар  
міндеттемелерді балама орындаған немесе резидент еместің не резиденттің елу  
мың АҚШ долларына балама болатын сомадан аспайтын қалдық берешегі болған  
жағдайда мәміле паспорты бойынша ақша және тауар қозғалысының болмауы;

7) резидент еместі тарату туралы немесе банкрот деп тану туралы сот  
шешімінің не шет мемлекеттің өзге үәкілетті мемлекеттік органды құжатының  
булуы. Бұл ретте ақша қайтарылған жағдайда мәміле паспортын қайта ресімдеу  
талаға                    етілмелейді;

8) құқықтық мұрагері болмаған жағдайда, экспортердің немесе импортердің  
Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратылуы;

9) резидент еместің міндеттемелерін орындамау тәуекелін сақтандыру  
шарттары бойынша сақтандыру жағдайы басталған жағдайда, экспортердің  
немесе                    импортердің                    сақтандыру                    төлемдерін                    алуы;

10) экспортердің немесе импортердің банктік шотына шарт шенберінде ақша  
талап етуін (факторинг) беруді қаржыландыруға ақшаның түсүі;

11) мәміле паспорты банкінің банктік және өзге де операцияларды жүргізуге  
арналған лицензиясын тоқтата тұру не одан айыру;

12) үәкілетті банктің тараптар келісім-шарт бойынша міндеттемелерін толық  
көлемде орындаған не резидент еместің елу мың АҚШ долларына балама  
болатын сомадан аспайтын берешек қалдығы болған кезде келісім-шарт  
бойынша есеп айырысу үшін импортер шығарған резидент емес ұсынған

13) экспортердің немесе импортердің келісім-шарт бойынша резидент емес алдындағы өз борышын басқа тұлғаға резидент еместің келісімін растайтын құжаттар негізінде және экспортердің немесе импортердің мәміле паспортының банкіне ұсынылған осы келісім-шарттың қолданылуы тоқтатылғаны туралы жазбаша өтініші болған жағдайда аударуы;

14) растайтын құжаттар (талап ету құқығын беру шарты, өзара міндеттемелер бойынша салыстыру актісі, тауарларды қабылдау-өткізу актісі, тауардың ілеспе құжаттары және т.б.) және экспортердің немесе импортердің осы келісім-шарттың қолданылуы тоқтатылғаны туралы жазбаша өтініші болған жағдайда, Ереженің 35-тармағына сәйкес, экспортердің немесе импортердің резидент емеске қойылатын талап ету құқықтарын басқа тұлғаға беруі немесе аударуы;

15) құқықтық мұрагері жоқ болған жағдайда, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген экспортердің немесе импортердің қайтыс болуы;

16) Ереженің 38-тармағында көзделген жағдайлар;

17) экспортердің немесе импортердің Ереженің 26-тармағының талаптарын ескере отырып, мәміле паспорты ресімделген келісім-шартқа қызмет көрсететін мәміле паспорты банкін өзгертуі;

18) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4417 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 17 тамыздағы N 86 қаулысының 4-тармағында көздөлгендеген жағдайлар;

19) мәміле паспорты ресімделген күннен бастап үш жыл ішінде мәміле паспорты бойынша ақша және тауар қозғалысының болмауы.

Ереженің осы тармағының 5), 7), 8), 15), 16) тармақшаларында көзделген жағдайларда мәміле паспортын жабу мүмкіндігі туралы шешімді Ережеге сәйкес алынған ақпарат негізінде экспортердің немесе импортердің мемлекеттік тіркелген жері бойынша Ұлттық Банктің филиалы қабылдайды.

**Ескерту. 37-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) қаулысымен.**

### 38. Мәміле паспорттары:

1) мәміле паспорты бойынша өзге операциялар болмаған жағдайда, қылмыстық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс шенберінде келісім-шартқа байланысты жүргізілген операциялар бойынша репатриациялау талаптарын бұзғаны үшін шешім қабылданған;

2) экспортер немесе импортер мемлекеттік тіркелген орны бойынша болмаған

жағдайларда экспортер немесе импортер мемлекеттік тіркелген жері бойынша Ұлттық Банктің филиалында жеке есепке алынуы тиіс.

Ұлттық Банктің филиалы жеке есепке алынған мәміле паспорттары бойынша экспортерден немесе импортерден жыл сайын репатриациялау талаптарын орындау үшін қабылданған шаралар туралы ақпарат сұратады немесе салық органдарына және өзге де мемлекеттік органдарға олардың құзыretіне қарай экспортердің немесе импортердің қызметі немесе олардың орналасқан жері туралы сұрату жіберу арқылы экспортердің немесе импортердің орналасқан жерін

а н ы қ т а й д ы .

Қажетті ақпарат алынғанға қарай, мәміле паспорты жеке есепке алынған күннен бастап үш күнтізбелік жылдан кешіктірмей, Ұлттық Банктің филиалы мәміле паспортының банкіне мәміле паспортының жабылуы мүмкін екендігі туралы хабарлайды.

## **6-тарау. Экспорт немесе импорт жөніндегі келісім-шарттар бойынша ақпарат алмасу**

39. Уәкілетті банктер, Ұлттық Банк және уәкілетті орган арасында кеден ісі мәселелері жөніндегі ақпарат алмасу Ереженің 40-45-тармақтарына сәйкес электрондық түрде Ұлттық Банк кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен және уәкілетті банктермен келіскең нысанда жүзеге асырылады. Уәкілетті банктер Ұлттық Банкке бұрын Ереженің 40 және 43-тармақтарына сәйкес жіберілген ақпаратқа Ұлттық Банк уәкілетті банктермен келіскең форматқа сәйкес электрондық түрде түзетулер енгізе алады.

**Ескерту. 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) қаулысымен.**

40. Уәкілетті банк мәміле паспорттары бойынша ақпаратты мәміле паспорты ресімделген немесе жабылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, Ереженің 5-қосымшасында белгіленген нысанда Ұлттық Банкке жібереді.

Мәміле паспортына қосымша парап, оның ішінде репатриациялау мерзімін түзету жөнінде парап, ресімделген жағдайда, ресімделген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, уәкілетті банк Ұлттық Банкке Ереженің 5-қосымшасында белгіленген нысанда ақпарат жібереді.

41. Ұлттық Банк кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органға уәкілетті банктерден мәміле паспорттары жөнінде алынған ақпаратты Ереженің 5-қосымшасында белгіленген нысанда күн сайын жібереді.

Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган Ұлттық Банктен мәміле паспорттары бойынша алынған ақпаратты жүк кеден декларациясында

мәлімделген мәліметтердің мәміле паспортындағы ақпаратқа сәйкестігін тексеру үшін күн сайын кеден органдарына жібереді.

42. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган ай сайын, есептік айдан кейінгі айдың он біріне дейінгі мерзімде, Ұлттық Банкке Ереженің 6-қосымшасында белгіленген нысанда мәміле паспорттары бойынша есептік айдағы тауар қозғалысы туралы ақпаратты жібереді.

Ұлттық Банк кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органнан мәміле паспорттары бойынша тауар қозғалысы туралы ақпарат алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, ақпаратты мәміле паспортының банктеріне жібереді

43. Уәкілетті банк (Ұлттық Банктің филиалдарын қоспағанда) ай сайын, есептік айдан кейінгі айдың он бесіне дейінгі мерзімде Ұлттық Банкке мәміле паспорттары бойынша міндеттемелерді есепті айда орындалуы туралы осы ақпаратты мыналарды ескере отырып, Ереженің 4-қосымшасында белгіленген нысада жібереді:

1) есеп айырысуың аккредитивті нысанында не банктік кепілдеме орындалған кезде деректер ақша төлемі және (немесе) аударымы жүзеге асырылу кезінде көрініс табады;

2) есеп айырысуың вексельді нысанында вексельді беру кезінде, сондай-ақ одан әрі Ереженің 32-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда ақпарат түскен кезде деректер көрсетіледі.

Аkkредитив немесе кепілдік беру мәміле паспортының банкінде ресімделмеген жағдайда, аккредитивті немесе кепілдік беруді ресімдеген уәкілетті банк:

егер орындаушы банк болып табылса, ақша төлемі және (немесе) аударымы күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде;

егер орындаушы банк шетелдік банк болып табылса, ақша төлемі және (немесе) аударымы туралы мәліметтер алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мәміле паспортының банкіне ақша төлемі және (немесе) аударымы жүзеге асырылғанын растайтын төлем құжатының көшірмесін жібереді.

44. Уәкілетті банктер есептік айдан кейінгі айдың соңғы күніне дейінгі мерзімде Ұлттық Банкке Ереженің 7-қосымшасында белгіленген нысан бойынша :

1) резидент еместің репатриациялау мерзімдерінде келісім-шарт бойынша экспортер немесе импортер алдындағы есепті айдың соңғы күнгі жағдайы бойынша елу мың АҚШ доллары баламасынан асатын сомадағы міндеттемелерді орындаудау;

2) алдынып тасталды;

3) есепті айда валюталық бақылауға сомасы елу мың АҚШ доллары

баламасынан артық, мәміле паспортын ресімдеу талап етілмейтін, репатриациялау мерзімі бір күнтізбелік жылдан асатын келісім-шартты қабылдағаны туралы ақпаратты жібереді.

**Ескерту. 44-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.11.28 N 93, 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) Қаулыларымен.**

45. Егер бір күнтізбелік ай ішінде экспортер немесе импортер бір уәкілетті банк арқылы Ереженің 20-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы елу мың АҚШ долларына дейінгі сомада тауар алып өту көзделетін келісім-шарттар бойынша жүргізген ақша төлемдерінің және (немесе) аударымдарының немесе алған ақшаның жалпы сомасы бір жұз мың АҚШ долларынан асып кетсе, уәкілетті банк күнтізбелік аяқталғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке осы экспортер немесе импортер туралы мынадай ақпарат ұсынады: заңды тұлғалар үшін кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы мемлекеттік жіктеуші коды (бұдан әрі - КҰЖЖ коды), жеке тұлғалар үшін салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бұдан әрі - СТН), экспортердің немесе импортердің атауы, аты-жөні, орналасқан жері, жүргізілген ақша төлемдерінің және (немесе) аударымдарының жалпы сомасы.

**Ескерту: 45-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007.09.24. N 110 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз); 2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.**

46. Мәміле паспортының банкінде бар мәміле паспорттары бойынша тауар қозғалысы жөніндегі ақпарат пен экспортер немесе импортер ұсынған ақпарат арасында айырмашылық анықталған жағдайда, мәміле паспортының банкі және кеден органы қолданылып жүрген мәміле паспорттары бойынша қажет болған жағдайда, бірақ жарты жылда бір реттен көп емес салыстырып тексеру жүргізілуі мүмкін.

Мәміле паспорты жабылған және мәміле паспортының банкінде бар мәміле паспорттары бойынша тауар қозғалысы жөніндегі ақпарат пен экспортер немесе импортер ұсынған ақпарат арасында айырмашылық анықталған кезде, қажет болған кезде мәміле паспорты бойынша салыстырып тексеру жүргізілуі мүмкін.

Салыстырып тексеру нәтижесі мәміле паспорты банкі және кеден органы басшының не тиісті өкілеттігі бар өзге де тұлғалар қол қойған жүктің кедендейдік декларациясының нөмірі мен күнін, тауардың шыққан күнін, мәміле паспортының нөмірі мен күнін, кеден режимін көрсете отырып, мәміле паспорты бойынша салыстыру актісі түрінде ресімделеді.

Кеден органы айырмашылық болмаса, Ереженің осы тармағына сәйкес

салыстырып тексеру актісін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде салыстырып тексеру актісіне қол қояды немесе мәміле паспортының банкіне анықталған айырмашылықтар туралы ақпарат жібереді.

## 7-тaraу. Отпелі ережелер

47. Ереже қолданысқа енгізілгенге дейін мәміле паспортын ресімдеген экспортер немесе импортер ақша төлемін және (немесе) аударымын жүргізген және Ереже қолданысқа енгізілгеннен кейін келісім-шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізген жағдайда, "Репатриациялау мерзімі" бөлімін, "Есеп айырысу тәсілі" бағанын және ақпарат нақтыланатын өзге бөлімдер мен бағандарды толтыра отырып, Ереженің 1 немесе 2-қосымшасының нысаны бойынша жаңа мәміле паспортына қосымша парапты мәміле паспортының

б ан к і н е ү с ы н а д ы .

Мәміле паспортының банкінде бар валюта бақылау құжаттарын, егер олар мәміле паспортының банкіне ұсынған соңғы күннен бастап өзгермесе, қайтадан

ү с ы н у т а л а п е т і л м е й д і .

Мәміле паспортының банкі Ереженің 3-тaraуына сәйкес мәміле паспортына қосымша парапты ресімдейді, мәміле паспортын тіркеу журналына тіркеу арқылы мәміле паспортының нөмірін және күнін береді және мәміле паспортына қосымша парапта мәміле паспортының бұрынғы және қолданылып жүрген нөмірі мен күнін көрсетеді.

48. Егер экспортер немесе импортер уәкілетті банкке өзге ақпарат ұсынбаса, Ереже қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған, мәміле паспортын ресімдеу талап етілмейтін келісім-шарттар бойынша репатриациялау мерзімі 180 күнтізбелік күнге тең болып қабылданады.

49. Ереже қолданысқа енгізілгенге дейін ресімделген мәміле паспорттары бойынша репатриациялау мерзімін экспортер немесе импортер есептеуі және

ү ә к і л е т т і б а н к к е :

1) резиденттің резидент емеске 180 күннен асатын мерзімге коммерциялық кредит ұсынуға лицензия болған жағдайда - лицензияда белгіленген міндеттемелерді орындау мерзімінен бастап 180 күннен;

2) басқа жағдайларда - 2007 жылғы 1 шілдеден кешіктірмей ұсынылуы тиіс.

Осы Ереженің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мерзім аяқталғаннан және экспортер немесе импортер Ереженің 47-тармағына сәйкес мәміле паспортына қосымша парапты ресімдемегеннен кейін уәкілетті банк Ұлттық Банкке Ереженің 44-тармағында белгіленген тәртіpte ақпарат жібереді.

Экспортер немесе импортер Ұлттық Банктің әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті лауазымды тұлғасы осы Ережені бұзы фактісін

қарағаннан кейін он құнтізбелік күн ішінде Ереженің 47-тармағына сәйкес мәміле паспортына қосымша парапты ресімдейді.

Ескерту. 49-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасында  
экспорт-импорт валюта бақылауын  
жүзеге асыру ережесіне

1-қосымша

Ескерту: 1-қосымшага өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007.09.24. N 110 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2008.11.28 N 93; 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз);

2009.09.25 N 91 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз);  
2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз)  
Қаулыларымен.

**Экспорт бойынша мәміле паспорты**

Мәміле паспортының бұрынғы нөмірі мен күні  
"\_\_\_" жылғы \_\_\_\_\_

Мәміле паспортының қолданыстағы нөмірі мен күні  
"\_\_\_" жылғы 1/\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_

Мәміле паспортының банкі бойынша ақпарат:

Атауы \_\_\_\_\_  
КҮЖЖ коды \_\_\_\_\_  
Өзге сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_  
Шетел банкінің атауы \_\_\_\_\_

Экспортер бойынша ақпарат:

Атауы немесе аты-жөні \_\_\_\_\_  
КҮЖЖ коды \_\_\_\_\_  
СТН \_\_\_\_\_  
Өзге сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_  
Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Үшінші тұлға бойынша ақпарат:

Атауы немесе аты-жөні \_\_\_\_\_  
КҮЖЖ коды (резиденттер үшін) \_\_\_\_\_  
СТН (болған жағдайда) \_\_\_\_\_  
Өзге сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_  
( болған жағдайда )  
Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Шетелдік сатып алушы жөнінде ақпарат:

Атауы немесе аты-жөні

Елі

Мекен-жайы

Келісім-шарт бойынша ақпарат:

Немірі

Күні

Сомасы

Төлем валютасы

Есеп айырысу тәсілі

Келісім-шарт бойынша валюта

Валютаны келісу

Соңғы күні

А л д ы ң ғ ы

м ә м і л е

паспорттының деректемелері:

Уәкілетті тұлғалардың қолдары:

мәміле паспорты банкінің атынан экспортердің атынан

Аты-жөні, қызметі

Аты-жөні, қызметі

Мөр орны

Мөр орны

үшінші тұлғаның банкінің атынан үшінші тұлғаның атынан

Аты-жөні, қызметі

Аты-жөні, қызметі

Мөр орны

Мөр орны

Валюта тұсудің болжамды мерзімі:

Экспортердің атынан қойылған қол

Аты - жөні , қызметі

Мөр орны

Ескерту. Резиденттің ұлттық және шетел валютасын репатриациялауды қамтамасыз етпеуі және Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесінің 5 және 5-2-тармақтарына сәйкес құжаттарды ұсынбауы (уақтылы ұсынбауы) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 187 және 180-баптарында көзделген жауапкершілікке алып келеді.

Мәміле паспорты банкінің ерекше белгілері:

## 1-қосымшаны толтыру бойынша нұсқау

1. Мәміле паспортының банкі "Мәміле паспортының бұрынғы нөмірі мен күні" бағанында Ереженің 47 және 49-тармақтарында көрсетілген жағдайларда Ереже қолданысқа енгізілгенге дейін ресімделген мәміле паспортының нөмірі  
мен күнін көрсетеді.

2. Мәміле паспортының банкі "Мәміле паспортының қолданылып жүрген нөмірі мен күні" бағанында Ережеге сәйкес мәміле паспортына берілген нөмір  
мен күнін көрсетеді.

Бұл ретте мәміле паспорты көлбесу сзықпен бөлінген төрт бөліктен тұрады:

1) бірінші бөлікте 1 коды көрсетіледі;

2) екінші бөлікте Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 754 тіркелген "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережелерін бекіту туралы" 1999 жылғы 28 наурыздағы N 37 қаулысына сәйкес Ұлттық Банк берген банктің коды не банк филиалының коды көрсетіледі;

3) үшінші бөлікте уәкілетті банктің ішкі анықтамалығына сәйкес төрт саннан тұратын мәміле паспорты банкінің коды көрсетіледі;

4) төртінші бөлікте экспорт бойынша осы мәміле паспортының рет нөмірі мәміле паспорттарын тіркеу журналына сәйкес көрсетіледі.

Мәміле паспортының банкі мәміле паспортының күні ретінде мәміле паспорттарын тіркеу журналында мәміле паспорты тіркелген күн көрсетіледі.

3. "Мәміле паспортының банкі бойынша ақпарат" бөлімі төмендегідей толтырылады:

1) "Атауы" деген баған мыналар ескеріле отырып толтырылады:

егер мәміле паспортының банкі ретінде уәкілетті банк болатын болса, уәкілетті банктің толық атауы көрсетіледі;

егер мәміле паспортының банкі ретінде уәкілетті банктің филиалы немесе Ұлттық Банктің филиалы болатын болса, филиалдың толық атауы көрсетіледі;

1-1) «КҰЖЖ коды» деген баған мыналар ескеріле отырып толтырылады:

мәміле паспортының банкі ретінде уәкілетті банк әрекет етсе, уәкілетті банктің сегіз мәнді коды көрсетіледі;

мәміле паспортының банкі ретінде уәкілетті банктің филиалы немесе Ұлттық Банктің филиалы әрекет етсе, филиалдың он екі мәнді коды көрсетіледі;

2) алдынып тасталды

3) «Өзге сәйкестендіру нөмірі» деген бағанда мәміле паспортының банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық сәйкестендіру нөмірлерінің тізіліміне

енгізілген нөмір (бар болған жағдайда) көрсетіледі.

Ескеरту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007.09.24. N 110 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз)  
**Қаулыларымен.**

4. "Шетел банкінің атауы" бөлімінде экспортердің шоты ашылған және Заң талаптарына сәйкес мәміле паспортында көрсетілген келісім-шарт бойынша экспорт түсімінің түсіү мүмкін шетел банкінің толық атауы көрсетіледі.

5. "Экспортер бойынша ақпарат" бөлімі төмендегідей толтырылады:

1) "Атауы немесе аты-жөні" бағанында экспортердің толық атауы немесе аты - жөні **көрсетіледі**;

1-1) «КҰЖЖ коды» деген баған экспортердің (егер экспортер заңды тұлға болып табылса) сегіз мәнді кодын немесе экспортердің (егер экспортер заңды тұлғаның филиалы болып табылса) он екі мәнді кодын көрсету арқылы **толтырылады**;

1-2) «СТН» деген баған экспортердің (егер экспортер дара кәсіпкер болып табылса) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің он екі мәнді кодын көрсету арқылы **толтырылады**;

2 ) алышып тасталды  
3 ) алышып тасталды

4) «Өзге сәйкестендіру нөмірі» деген бағанда экспортер Қазақстан Республикасының Ұлттық сәйкестендіру нөмірлерінің тізіліміне енгізілген нөмір (бар болған жағдайда) **көрсетіледі**;

5) "Мекен-жайы" бағанында экспортердің толық пошталық адресі көрсетіледі. Экспортердің нақты мекен-жайы келісім-шартта көрсетілген кезде экспортердің заңды мекен-жайын **көрсетуге болады**.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007.09.24. N 110 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз)  
**Қаулыларымен.**

6. "Үшінші тұлға бойынша ақпарат" бөлімі үшінші тұлғаның қатысуымен мәміле паспорты (мәміле паспортына қосымша парақ) ресімделген жағдайда "Экспортер бойынша ақпарат" бөлімінің тиісті бағанына үқсас толтырылады.

7. "Шетелдік сатып алушы бойынша ақпарат" бөлімі келісім-шартқа сәйкес **толтырылады**:

1) "Атауы немесе аты-жөні" бағанында экспортталағын тауарды шетелдік сатып алышының атауы **көрсетіледі**;

2) "Елі" бағанында шетелдік сатып алышының тұрган елінің коды ҚР МЖ 06 ИСО 3166.1 2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің

атауларын белгілеу үшін кодтар. 1-бөлік. Ел коды", КР МЖ 06 ИСО 3166.2 - 2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеу үшін кодтар. 2-бөлік. Елдердің әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің кодтары", КР МЖ 06 ИСО 3166.3 - 2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеу үшін бұрын пайдаланылған кодтар" мемлекеттік жіктеушіге сәйкес

**көрсетіледі;**

3) "Мекен-жайы" бағанында шетелдік сатып алушының мекен-жайы

**көрсетіледі;**

#### 4) алдынып тасталды

8. "Келісім-шарт бойынша ақпарат" бөлімі төмендегідей толтырылады:

1) "Нөмір" бағанында негізінде экспорт бойынша мәміле паспорты ресімделген келісім-шарттың нөмірі көрсетіледі. Келісім-шарттың осында деректемелері болған жағдайда толтырылады;

2) "Күні" бағанында келісім-шарт жасалған күн көрсетіледі;

3) "Сомасы" бағанында келісім-шарттың жалпы сомасы көрсетіледі. Егер келісім-шарт бойынша болжамды баға бегіленетін тауар жеткізу көзделсе, онда мәміле паспортында "Мәміле паспорты банкінің ерекше белгілері" бөлімінде келісім-шарттың болжамды және нақты сомасы мәміле паспортында көрсетілген сомадан аса алатындығын бір мезгілде көрсете отырып, болжамды баға жеткізудің белгіленген көлемін көбейту арқылы есептелген келісім-шарттың

**сомасы**

**көрсетіледі;**

4) "Төлем валютасы" бағанында валютаның әріптік мәні көрсетіледі, мұнымен экспортталатын тауарға КР МЖ 07 ИСО 4217 - 2001 "Валюталар мен қорларды белгілеу кодтары" мемлекеттік жіктеушіге сәйкес ақы төлеу

**жүргізіледі;**

5) "Есеп айырысу тәсілі" бағанында жіктеушіге сәйкес келісім-шарт талаптарына сай экспортталатын тауар үшін есеп айырысудың қолданылатын тәсілінің коды көрсетіледі:

Есеп айырысу тәсілі	Код
1. Ақша төлемі және (немесе) аударымы:	
аккредитив шенберінде	11
банктік кепілдеме шенберінде	12
экспортердің немесе импортердің шоты арқылы	
оның ішінде:	
алдын ала ақы төлеу	13
тауар тиелгеннен кейін ақы төлеу	14
2. Міндеттемелерді өзгеше орындау:	
есептеу	21

берау	22
борышты аудару	23
вексельді беру	24
бағалы қағаздарды беру	25
резидент еместің міндеттемелерді орындау тәуекелін сактандыру шарттары бойынша сактандыру жағдайы басталған кезде сактандыру төлемін алу	26
өзгелері	29

Есеп айырысуын құрама тәсілдерін қолдануға жол беріледі, мұндайда екі және одан да көп код қойылады;

6) "Келісім-шарт бойынша валюта" бағанында ҚР МЖ 07 ИСО 4217 - 2001 "Валюталар мен қорларды белгілеу үшін кодтар" мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес келісім-шарт валютасы сомасының әріптік мәні көрсетіледі;

7) "Валютаны келісу" бағанында келісім-шарт бойынша валюта бағамының төлем валютасына есеп айырысу тәсілі көрсетіледі ("Келісім-шарт бойынша валюта" және "Төлем валютасы" сәйкес келмеген жағдайда ғана толтырылады);

8) "Соңғы күні" бағанында келісім-шарт қолданылатынға дейінгі күн көрсетіледі. Келісім-шартта осындай талап болған жағдайда толтырылады.

9 .	а лы ны п	т а с т а л д ы
1 0 .	а лы ны п	т а с т а л д ы
1 1 .	а лы ны п	т а с т а л д ы

12. "Алдыңғы мәміле паспортының деректемелері" бөлімі Ереженің 35-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларда толтырылады. Бұл ретте алдыңғы мәміле паспортының нөмірі мен күні көрсетіледі, оның орнына жаңа мәміле паспорты ресімделеді.

13. "Уәкілетті тұлғалардың қолдары" бөлімін:

1) мәміле паспорты банкінің және үшінші тұлғаның банкінің атынан - мәміле паспортын ресімдеуді жүзеге асыратын қызметкер; экспортердің атынан - экспортердің басшысы;

үшінші тұлғаның атынан - үшінші тұлғаның басшысы толтырады;

2) экспорт бойынша барлық мәміле паспорттары мәміле паспорты банкінің, экспортердің мөрлерімен бекітіледі және қажет болған жағдайда үшінші тұлғаның және үшінші тұлғаның банкінің мөрлерімен бекітіледі.

14. "Репатриациялау мерзімі" бөлімі нүктемен бөлінген екі бөліктен тұрады: бірінші бөлікте репатриациялау мерзімінің күн саны көрсетіледі; екінші бөлікте репатриациялау мерзімінің жыл саны көрсетіледі.

Егер экспортердің тауар жеткізу бойынша міндеттемесі Қазақстан Республикасының кедендей шекарасынан өткеннен кейін тауарды беру болса, экспортер репатриациялау мерзімін келісім-шарт бойынша шетелдік сатып алушы тауарға ақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындаудың ең ұзак

мерзіміне бір құнтізбелік жылдан аспайтын тауарды беру орнына дейін Қазақстан Республикасында кедендейтін тіркелгеннен кейін тауарды жеткізу үшін қажетті мерзімді қоса отырып есептейді.

Егер экспортердің тауар жеткізу бойынша міндеттемесі Қазақстан Республикасының кедендейтін шекарасынан өткенге дейін тауарды беру болса, экспортер репатриациялау мерзімі ретінде шетелдік сатып алушының тауарға ақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындаудың келісім-шарт бойынша ең ұзақ мерзімін көрсетеді.

Егер келісім-шартта шетелдік сатып алушының тауарға ақы төлеуі бойынша міндеттемелерін орындаудың түрлі талаптары көзделсе (тауарға экспортер тауарды тиегенге дейін ақы төлеу, тауарға экспортер тауарды тиегененнен кейін ақы төлеу), репатриациялау мерзімі экспортер тауарды тиегененнен кейін келісім-шартта белгіленген шетелдік сатып алушының тауарға ақы төлеуі бойынша міндеттемелерін орындаудың мерзімдерін ескере отырып, есептейді.

Егер келісім-шартта экспорт бойынша валюта түсімінің экспорт күні болғанға дейін (шетелдік сатып алушының алдын ала ақы төлеуі) не 180 күннен аспайтын мерзімде түсуін көзделсе, репатриациялау мерзімін экспортер 180 күн деп көрсетеді.

Репатриациялау мерзімін есептеу мақсаты үшін құнтізбелік күн пайдаланылады, бұл ретте 30 күн мерзімі бір ай болып, 360 күн - бір құнтізбелік жыл болып қолданылады.

#### М ы с а л д а р :

1) келісім-шартқа сәйкес тауар жеткізу бойынша экспортердің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі тауар Омбы қаласында өткізілгеннен кейін орындалды деп саналады. Шетелдік сатып алушының тауарға ақы төлеуі: ішінара - алдын-ала ақы төлеу, ішінара - экспортер тауарды тиегененнен кейін ақы төлеу арқылы. Шетелдік сатып алушы тауарға ақы төлеуінің ең ұзақ мерзімі - 210 күн. Тауарды кедендейтін ресімдеу күні мен шетелдік сатып алушының тауарды Омбы қаласында өткізу күні арасындағы Экспортер болжайтын мерзім (тауарды өткізу фактісін ресімдеу үшін қажетті мерзімді есептей отырып) - 30 күн.

Есеп: 210 күн + 30 күн = 240 күн, яғни 240 күн, 00 жыл.

Экспортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 240.00 көрсетеді;

2) келісім-шартқа сәйкес тауар жеткізу бойынша экспортердің тауар жеткізу бойынша міндеттемесі тауар 1-Алматы станциясына өткізілгеннен кейін орындалды деп саналады. Шетелдік сатып алушы тауарға ақыны экспортер тауарды тиегененнен кейін төлейді. Тауарға ақы төлеудің ең ұзақ мерзімі - 210 күн.

Экспортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 210.00 көрсетеді;

3) келісім-шартқа сәйкес шетелдік сатып алушы тауарға толық көлемде алдын ала ақы төлеуді .

Экспортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 180.00 көрсетеді;  
4) келісім-шартқа сәйкес шетелдік сатып алушы тауарға ақы төлеуінің ең ұзақ  
мерзімі - 160 күн.

Экспортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 180.00 көрсетеді.  
15. "Мәміле паспорты банкінің ерекше белгілері" бөлімінде мәміле  
паспортының бөлімдерінде көрінбеген, алайда Ережеде көзделген ақпаратты  
немесе мәміле паспорты банкінің оңайлатылған жұмысын көрсетеді.

Қазақстан Республикасында  
экспорт-импорт валюта бақылауын  
жүзеге асыру ережесіне

## 2-қосымша

Ескерту: 2-қосымшага өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007.09.24. N 110 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2008.11.28 N 93, 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз); 2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

### Импорт бойынша мәміле паспорты

Мәміле паспортының бұрынғы нөмірі мен күні  
"\_\_\_" жылғы \_\_\_\_\_.  
Мәміле паспортының қолданыстағы нөмірі мен күні  
"\_\_\_" жылғы 2/\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_.  
Мәміле паспортының банкі бойынша ақпарат:

Атауы \_\_\_\_\_  
КҮЖЖ коды \_\_\_\_\_  
Өзге сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_  
Шетел банкінің атауы, \_\_\_\_\_

Импортер бойынша ақпарат:

Атауы немесе аты-жөні \_\_\_\_\_  
КҮЖЖ коды \_\_\_\_\_  
СТН \_\_\_\_\_  
Өзге сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_  
Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Ушінші тұлға бойынша ақпарат:

Атауы немесе аты-жөні \_\_\_\_\_  
КҮЖЖ коды (резиденттер үшін) \_\_\_\_\_  
СТН (болған жағдайда) \_\_\_\_\_  
Өзге сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_  
( болған жағдайда )  
Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Шетелдік жеткізуши бойынша ақпарат:

Атаяу немесе аты-жөні \_\_\_\_\_  
Елі \_\_\_\_\_  
Мекен-жайы \_\_\_\_\_  
  
Келісім-шарт бойынша ақпарат:  
Немірі \_\_\_\_\_  
Күні \_\_\_\_\_  
Сомасы \_\_\_\_\_  
Төлем валютасы \_\_\_\_\_  
Есеп айырысу тәсілі \_\_\_\_\_  
Келісім-шарт бойынша валюта \_\_\_\_\_  
Валютаны келісу \_\_\_\_\_  
Соңғы күні \_\_\_\_\_

А л д ы ң ғ ы

м ә м і л е

паспортның деректемелері: \_\_\_\_\_  
Уәкілетті тұлғалардың қолдары:  
мәміле паспорты банкінің атынан импортердің атынан

Аты-жөні, қызметі Аты-жөні, қызметі  
Мөр орны Мөр орны  
үшінші тұлғаның банкінің атынан үшінші тұлғаның атынан

Аты-жөні, қызметі Аты-жөні, қызметі  
Мөр орны Мөр орны  
Валюта тұсудің болжамды мерзімі: \_\_\_\_\_  
Импортердің атынан қойылатын қол \_\_\_\_\_  
Аты-жөні, қызметі  
Мөр орны

Ескерту. Резиденттің ұлттық және шетел валютасын репатриациялауды қамтамасыз етпеуі және Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылаудың жүзеге асыру ережесінің 5 және 5-2-тармақтарына сәйкес құжаттарды ұсынбауы (уақтылы ұсынбауы) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 187 және 180-баптарында көзделген жауапкершілікке алап келеді.

Мәміле паспорты банкінің ерекше белгілері:

## **2-қосымшаны толтыру бойынша нұсқау**

2-қосымша мыналарды ескере отырып, 1-қосымшаға үксас толтырылады:

1. Қолданыстағы мәміле паспортының бірінші бөлігінде 2 көрсетіледі.
2. "Шетел банкінің атауы" бөлімінде импортердің шоты ашылған және мәміле паспортында көрсетілген келісім-шарт бойынша ақша төлемі және (немесе) аударымы жүзеге асырылатын не заң талаптарына сәйкес пайдаланылмаған авансты қайтарған жағдайда импорт бойынша келісім-шарт бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін резидент еместің пайдасына импортер аударған валюта түсүі мүмкін шетел банкінің толық атауы көрсетіледі.

3. "Есеп айырысу тәсілі" бағанында есеп айырысу тәсілдерінің 13, 14 кодтары мұнаны білдіреді:

алдын ала жеткізу 13

тауарға ақы төлегеннен кейін жеткізу 14.

4. "Репатриациялау мерзімі" бөлімін импортер мыналарды ескере отырып толтырады.

Шетелдік жеткізушінің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өткеннен кейін тауарды беру болса, импортер шетелдік жеткізушінің келісім-шарт бойынша тауар жеткізу бойынша міндеттемелерін орындаудың ең ұзақ мерзіміне пайдаланылмаған авансты (келісім-шартта ол болған жағдайда) қайтару мерзіміне қосу арқылы репатриациялау мерзімін есептейді.

Шетелдік жеткізушінің тауарды жеткізу бойынша міндеттемесі Қазақстан Республикасының кедендік шекарасына өткенге дейін тауарды беру болса, импортер шетелдік жеткізушінің келісім-шарт бойынша тауар жеткізу бойынша міндеттемелерін орындаудың ең ұзақ мерзіміне Қазақстан Республикасының кедендік шекарасына дейін тауарды жеткізу және тауарды Қазақстан Республикасында кедендік ресімдеуге қажетті мерзімді (бір күнтізбелік жылдан аспауы тиіс) және пайдаланылмаған авансты (келісім-шартта ол болған жағдайда) қайтару мерзімін қосу арқылы репатриациялау мерзімін есептейді.

Егер келісім-шартта шетелдік жеткізушінің тауарды жеткізу міндеттемелерін орындаудының түрлі талаптары (тауарға төлем және (немесе) ақша аудару жүзеге асырылғанға дейін тауар жеткізу, тауарға төлем және (немесе) ақша аудару жүзеге асырылғаннан кейін тауар жеткізу) көзделсе репатриациялау мерзімін импортер шетелдік жеткізушінің тауар жеткізу бойынша міндеттемелерін орындаудың келісім-шартта белгіленген мерзімдерін ескере отырып тауарға ақша төлемін және (немесе) аударымын жүзеге асырылғаннан кейін есептейді.

Егер келісім-шартта тауарға төлем және (немесе) ақша аудару жүзеге асырылғанға дейін не төлем жүргізілген және (немесе) ақша аударылған күннен

бастап 180 күннен аспайтын мерзімде тауарды жеткізу (шетелдік жеткізушінің алдын ала жеткізуі) көзделсе, репатриациялау мерзімін импортер 180 күн деп көрсетеді.

### М ы с а л д а р :

1) келісім-шартқа сәйкес шетелдік жеткізушінің тауар жеткізу бойынша міндеттемелері Омбы қаласында тауар жеткізілгеннен кейін орындалды деп саналады. Шетелдік жеткізушінің тауарды жеткізуі - ішінара алдын ала жеткізу арқылы, ішінара - тауарға төлем жүргізгеннен және (немесе) ақша аударғаннан кейін. Шетелдік жеткізуші тауарды жеткізуінің ең ұзақ мерзімі - 800 күн. Импортер тауарды кедендік ресімдеу күні (тауарды беру фактісін ресімдеу үшін қажетті мерзімді ескере отырып) мен шетелдік жеткізуші тауарды Омбы қаласында беру күні арасындағы болжамды күнді - 70 күн деп болжайды. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі - тауарды Омбы қаласында болжамды берілді деген күннен бастап 100 күн.

Есеп: 800 күн + 70 күн + 100 күн = 970 күн, яғни 250 күн, 02 жыл.

Импортер "Репатриациялау мерзімі" бағанында 250.02 көрсетеді;

2) келісім-шартқа сәйкес шетелдік жеткізушінің тауар жеткізу бойынша міндеттемелері Омбы қаласында тауар жеткізілгеннен кейін орындалды деп саналады. Шетелдік жеткізушінің тауарды жеткізуі - ішінара алдын ала жеткізу арқылы, ішінара - тауарға төлем жүргізгеннен және (немесе) ақша аударғаннан кейін. Шетелдік жеткізуші тауарды жеткізуінің ең ұзақ мерзімі - 210 күн. Импортер тауарды кедендік ресімдеу күні (тауарды беру фактісін ресімдеу үшін қажетті мерзімді ескере отырып) мен шетелдік жеткізуші тауарды Омбы қаласында беру күні арасындағы болжамды күнді - 70 күн деп болжайды. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі келісім-шартта белгіленбекен.

Есеп: 210 күн + 70 күн = 280 күн, яғни 280 күн, 00 жыл.

"Репатриациялау мерзімі" бағанында импортер 280.00 көрсетеді;

3) келісім-шартқа сәйкес шетелдік жеткізушінің тауарды жеткізу бойынша міндеттемелері тауар 1-Алматы станциясына берілгеннен кейін орындалды деп саналады. Шетелдік жеткізушінің тауарды жеткізуі - ішінара алдын ала жеткізу, ішінара - тауарға төлегеннен кейін және (немесе) аударғаннан кейін жеткізу. Шетелдік жеткізушінің тауарды жеткізуінің ең ұзақ мерзімі - 100 күн. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі - 100 күн.

Есеп: 100 күн + 100 күн = 200 күн, яғни 200 күн, 00 жыл.

"Репатриациялау мерзімі" бағанында импортер 200.00 көрсетеді;

4) келісім-шартқа сәйкес тауар жеткізу бойынша шетелдік жеткізушінің міндеттемесі тауар 1-Алматы станциясына өткізілгеннен кейін орындалды деп саналады. Шетелдік жеткізушінің тауарды жеткізуі - ішінара алдын ала жеткізу, ішінара - тауарға төлегеннен кейін және (немесе) аударғаннан кейін. Шетелдік

жеткізушінің тауарды жеткізуінің ең ұзак мерзімі - 100 күн. Пайдаланылмаған авансты қайтару мерзімі келісім-шартта белгіленбекен.

"Импортер" Репатриациялау мерзімі" бағанында 180.00 көрсетеді;

5) келісім-шартқа сәйкес шетелдік жеткізуші тауарды толық көлемде алдын ала жеткізу ді жүзеге асырады.

"Репатриациялау мерзімі" бағанында импортер 180.00 көрсетеді;

6) келісім-шартқа сәйкес шетелдік жеткізушінің тауар жеткізуінің ең ұзак мерзімі - 160 күн.

"Импортер" Репатриациялау мерзімі" бағанында 180.00 көрсетеді.

Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асуру ережесіне

### 3-қосымша

(атауы) мәміле паспорты банкінің мәміле паспорттарын тіркеу

#### журналы

ж ы л ы

б а с т а л д ы

#### жылды аяқталды

№N	Мәміле паспорттын ресімдеу күні	Экспортердің немесе импортердің атауы немесе аты-жөні	Келісім-шарттың деректемелері
1	2	3	4

### 3-қосымшаны толтыру бойынша нұсқау

Мәміле паспорттарын тіркеу журналының 1-бағанында көрсетілген нөмір мәміле паспортының төртінші бөлігіндегі нөмірге сәйкес келуі тиіс.

Мәміле паспорттарын тіркеу журналын мәміле паспортының банкі экспорт және импорт бойынша жеке-жеке жылдан жылға ілеспелі түрде жүргізді.

Мәміле паспорттарын тіркеу журналы электрондық түрде жүргізілген жағдайда жұмыс күнінің аяғында жұмыс күні ішінде толтырылған мәміле паспорттарын тіркеу журналының паралық қағазға басып шығарылады және кейін сақталуы үшін мәміле паспортының банкінде тігіледі.

Мәміле паспорттарын тіркеу журналы аяқталысымен (немесе мәміле паспорттарын тіркеудің электрондық журналының шығарылған паралықтарының тігінділері) мәміле паспорты банкінің басшысы не тиісті өкілеттігі бар өзге тұлға қол қояды және мәміле паспорты банкінің мұрағатында сақталады.

Қазақстан Республикасында  
экспорт-импорт валюта бақылауын  
жүзеге асыру ережесіне 4-қосымша

**Ескерту:** 4-қосымшага өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007.09.24. N 110 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз); 2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз)  
**Қаулыларымен.**

**----- жылғы ----- айдағы  
мәміле паспорттары бойынша міндеттемелерді  
орындау туралы ақпарат**

Уәкілетті банктың КҰЖЖ коды

Кодданыстағы мәміле паспортының деректемелері			Ақша жіберуші						
N	N	Күні	Атауы немесе аты-жөні	КҰЖЖ коды	СТН	Белгісі - заңды тұлға немесе жеке тұлға	Елі	Облыстың коды	Резиденттік коды
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

**кестенің жалғасы**

Бенефициар							
Атауы немесе аты-жөні	КҰЖЖ коды	СТН	Белгісі - заңды тұлға немесе жеке тұлға	Елі	Облыстың коды	Резиденттік коды	
11	12	13	14	15	16	17	

**кестенің жалғасы**

Төлем және (немесе) ақша аударымы немесе басқалай міндеттемені орындау туралы ақпарат							Сомалар жаңа мәміле паспортына ауыстырылған жағдайда		
Күні	М ы н бірліктегі сома	Е с е п айрысу валютасы	Е с е п айрысу тәсілінің коды	Белгісі - шығыс, кіріс	Есепке алуға немесе беруге немесе басқалай орындауға араналған негісіз	N	Күні	Жаңа мәміле паспортының күні	Жаңа мәміле паспортының нөмірі
18	19	20	21	22	23	24	25	26	

#### **4-қосымшаны толтыру бойынша нұсқау**

Уәкілетті банктің ҚҰЖЖ коды бойынша деректер сегіз мәнді кодты көрсету арқылы толтырылады.

2, 3-бағандарында қолданыстағы мәміле паспортының деректемелері яғни:  
көрсетіледі,

егер мәміле паспортына Ереженің 47 және 49-тармақтарына сәйкес жаңа нөмір мен күн берілген болса, онда оның жаңа нөмірі мен күні көрсетіледі;

егер берілмесе - ескі нөмірі мен күні көрсетіледі (Ереженің 49-тармағында көрсетілген мерзімдер аяқталғанша жол берілмейді).

3, 18, 24, 25-бағандар сегіз санды көрсету арқылы мынадай тәртіппен толтырылады: күні, айы, жылды.

5, 12-бағандар егер 7, 14-бағандарда 1 саны көрсетілсе толтырылады. 5, 12-бағандар ақша жіберушінің немесе бенефициардың (акша жіберуші немесе бенефициар заңды тұлға болып табылса) сегіз мәнді кодын немесе ақша жіберушінің немесе бенефициардың (егер ақша жіберуші немесе бенефициар заңды тұлғаның филиалы болып табылса) он екі мәнді кодын көрсету арқылы толтырылады.

5, 6, 12, 13-бағандар ақша жіберуші немесе бенефициар резиденттер болып табыласа.

6, 13-бағандар егер 7, 14-бағандарда 2 саны көрсетілсе толтырылады. 6, 13-бағандар ақша жіберушінің немесе бенефициардың салық төлеушісінің тіркеу нөмірінің он екі мәнді кодын көрсету арқылы толтырылады.

7, 14-бағандар мынадай белгілерді ескере отырып толтырылады: 1 - ақша жіберуші немесе бенефициар заңды тұлғалар болып табылса және 2 - ақша жіберуші немесе бенефициар жеке тұлға болып табылса.

8, 15-бағандар ҚР МЖ 06 ИСО 3166.1 2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеу үшін кодтар. 1-бөлік. Ел коды", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.2 - 2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеу үшін кодтар. 2-бөлік. Елдердің әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің кодтары", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.3 - 2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеу үшін код. 3-бөлік. Елдердің атауларын белгілеу үшін бұрын пайдаланылған кодтар" мемлекеттік жіктеушілерін пайдалана отырып толтырылады.

9, 16-бағандарда (акша жіберуші немесе бенефициар - резидент болған жағдайда) әкімшілік-аумақтық объектілердің (КАТО) ҚР МЖ 11-2003 жіктеушісіне сәйкес облыс кодының алдыңғы 2 саны көрсетіледі.

10, 17-бағандар төлем мақсатының бірыңғай жіктеушісінің мемлекеттік

жіктеушісінің мақсаты үшін пайдаланылатын резиденттік анықтамасына сәйкес толтырылады.

20-бағанда ҚР МЖ 07 ИСО 4217 - 2001 "Валюталар мен қорларды белгілеу үшін кодтар" мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес валютаның әріптік мәні көрсетіледі.

21-баған Ереженің 1-қосымшасын толтыру бойынша нұсқаудың 8-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген жіктеушіге және 2-қосымшасын толтыру бойынша нұсқаудың 3-тармағына (есептеудің бірнеше тәсілдері көрсетілуі мүмкін) сәйкес толтырылады.

22-баған мынадай белгілер ескеріле отырып толтырылады: 1 - шығыс (яғни шетелдік сатып алушының немесе шетелдік жеткізушінің пайдасына ақша төлемі және (немесе) аударымы) және 2 - кіріс (яғни экспорттердің немесе импорттердің пайдасына ақша төлемі және (немесе) аударымы).

23, 24-бағандар егер 21-бағанда 21-23 сандары көрсетілсе, 23-бағанда валюта шартының (келісім-шарттың осындай деректемесі болған жағдайда) күнін, ал 24-бағанда - валюта шартының күшіне ену күні, болмаған жағдайда - валюта шарты жасалған күнді көрсету арқылы толтырылады.

Толтырылған 25, 26-бағандар мәміле паспортының сомалары Ереженің 35-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларда жаңа мәміле паспорты бойынша ескерілетінін білдіреді.

**Қазақстан Республикасында  
экспорт-импорт валюта бақылауын  
жүзеге асыру ережесіне 5-қосымша**

Ескерту: 5-қосымшага өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007.09.24. N 110 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз); 2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

**\_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_(күні) \_\_\_\_\_(айы)  
мәміле паспорттары және мәміле паспорттарына  
қосымша парапттар бойынша ақпарат**

Уәкілдеп банктің КҮЖЖ коды

N	Мәміле паспортының деректемелері				Экспортер немесе импортер бойынша ақпарат				
	Бұрынғы		Қолданыстағы		Атауы немесе аты-жөні	КҮЖЖ коды	СТН	Белгі - заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер	Облыстың коды
	N	Күні	N	Күні					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

кестенің жалғасы

Келісім-шарт бойынша ақпарат

N	Белгісі - экспорт немесе импорт	Нөмір	Күні	Төлем валютасы	Мың бірліктегі келісім-шарт сомасы	Келісім-шарттың валютасы	Валютны келісу	Соңғы күні
1	11	12	13	14	15	16	17	18

#### кестенің жалғасы

Резидент емес			Репатриациялау мерзімдері	Есептеу тәсілінің коды	Лицензия		Тіркеу куәлігі	
Атауы және аты-жөні	Елі	N			Күні	N	Күні	
19	20	21	22	23	24	25	26	

#### кестенің жалғасы

Хабарлама туралы куәлік		Мәміле паспорты бойынша қосымша парактың деректемелері			Қосымша паракты ресімдеуге негіз	Мәміле паспортын жабу	
N	Күні	N	Күні	Күні	Негіз		
27	28	29	30	31		32	33

### 5-қосымшаны толтыру бойынша нұсқау

Уәкілетті банктің КҰЖЖ коды бойынша деректер сегіз мәнді кодты көрсету арқылы толтырылады.

Мәміле паспортын ресімдеу туралы ақпаратты жіберу кезінде лицензия болған жағдайда 23 және 24-бағандар, тіркеу куәлігі болған жағдайда 25 және 26-бағандар, хабарлама туралы куәлік болған жағдайда 27 және 28-бағандар толтырыла отырып, 4-22-бағандар толтырылады.

Ереженің 47 және 49-тармақтарында белгіленген жағдайларда мәміле паспортына қосымша паракты ресімдеу туралы ақпаратты жіберу кезінде 2-22, лицензия болған кезде - 23, 24-бағандар, тіркеу куәлігі болған кезде - 25, 26-бағандар, хабарлама туралы куәлік болған кезде - 27, 28-бағандар, сондай-ақ 29-31-бағандар толтырылады. Осындай мәміле паспорты бойынша келесі ақпаратты жіберу кезінде 4 және 5-бағандарда мәміле паспортының қолданылып жүрген нөмірін және күнін көрсету қажет.

Өзге жағдайларда мәміле паспортына қосымша паракты ресімдеу туралы ақпаратты жіберу кезінде 2, 3 немесе 4, 5, сондай-ақ мәліметтері нақтылануы тиіс бағандар толтырылады. Бұл ретте 2 және 3-бағандар Ереженің 47 және 49-тармақтарына сәйкес жаңа нөмірі мен күні әлі берілмеген мәміле паспортына қосымша парак ресімделген жағдайда толтырылады (Ереженің 49-тармағында көрсетілген мерзімдер аяқталғаннан кейін рұқсат етілмейді).

Мәміле паспортын Ереженің 35-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларда ресімдеген кезде 2-22-бағандар, лицензия болған кезде 23, 24-бағандар, тіркеу куәлігі болған кезде 25, 26-бағандар, хабарлама туралы куәлік болған кезде 27, 28-бағандар толтырылады.

Мәміле паспортын жабу туралы ақпаратты жіберу кезінде 2, 3 немесе 4, 5, 32, 33 - бағандар толтырылады .

3, 5, 13, 18, 24, 26, 28, 30, 32-бағандар мынадай тәртіpte сегіз санды көрсету арқылы толтырылады: күн, ай, жыл .

7-баған, егер 9-бағанда 1 саны көрсетілсе экспортердің немесе импортердің (егер экспортер немесе импортер заңды тұлға болып табылса) сегіз мәнді кодын және экспортердің немесе импортердің (экспортер немесе импортер заңды тұлғаның филиалы болып табылса) он екі мәнді кодын көрсету арқылы толтырылады .

8-баған, егер 9-бағанда 2 саны көрсетілсе, экспортердің немесе импортердің салық төлеушісінің тіркеу нөмірінің он екі мәнді кодын көрсету арқылы толтырылады .

9-баған мынадай белгілер ескеріле отырып толтырылады: 1 - егер экспортер немесе импортер заңды тұлға болып табылса және 2 - егер экспортер немесе импортер жеке кәсіпкер болып табылса .

10-бағанда әкімшілік-аумақтық объектілердің (КАТО) ҚР МЖ 11-2003 жіктеушісіне сәйкес облыс кодының алғашқы 2 саны көрсетіледі.

11-баған мынадай белгілер ескеріле отырып толтырылады: 1 - егер келісім-шарт экспорт бойынша және 2 - егер келісім-шарт импорт бойынша болса .

12-баған келісім-шарттың осындай деректемесі болған жағдайда келісім-шарттың нөмірін көрсету арқылы толтырылады.

14, 16-бағандарда ҚР МЖ 07 ИСО 4217 - 2001 "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес валютаны әріппен белгілеу көрсетіледі .

15-баған келісім-шарт валютасымен толтырылады.

17-баған Ереженің 1-қосымшасын толтыру бойынша нұсқаудың 8-тармағының 7) тармақшасына сәйкес толтырылады.

18-баған Ереженің 1-қосымшасын толтыру бойынша нұсқаудың 8-тармағының 8) тармақшасына сәйкес толтырылады.

20-баған ҚР МЖ 06 ИСО 3166.1 2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлік. Елдің коды", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.2 - 2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 2-бөлік. Елдердің әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің кодтары", ҚР МЖ 06 ИСО

3166.3 - 2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 3-бөлік. Елдердің атауларын белгілеуге арналған бұрын пайдаланылған кодтар" мемлекеттік жіктеушілерін пайдалана  
отырып толтырылады.

21-бағанда Ереженің 1-қосымшасын толтыру бойынша нұсқаудың 14-тармағына және 2-қосымшасын толтыру бойынша нұсқаудың 4-тармағына сәйкес репатриациялау мерзімі көрсетіледі.

22-баған Ереженің 1-қосымшасын толтыру бойынша нұсқаудың 8-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген жіктеушіге және 2-қосымшасын толтыру бойынша нұсқаудың 3-тармағына сәйкес толтырылады (есептеудің бірнеше тәсілі көрсетілуі мүмкін).

29-бағанда мәміле паспортына қосымшасы параллель рет немірі көрсетіледі.

31-баған мынадай жіктеуші ескеріле отырып толтырылады:

1 - міндеттемелерді орындау мерзімі мен талаптарына әсер ететін өзгерістер мен толықтырулар;

2 - мәміле паспортында көрсетілген ақпараттың өзгеруі;

3 - Ереженің 47 және 49-тармақтарында көрсетілген жағдайлар.

33-баған мынадай жіктеуші ескеріле отырып толтырылады:

1 - тараптардың келісім-шарт бойынша міндеттемелерін толық орындауы не резидент еместің немесе резиденттің елу мың АҚШ доллары сомасынан аспайтын берешек қалдығының болуы, оның ішінде борышкер мен кредитор бір тұлға болған жағдайда жеңілдік, есепке алуды ұсыну арқылы міндеттемелерді тоқтату, растайтын құжаттар болған кезде мемлекеттік органның актісінің шығуы салдарынан орындау мүмкін болмауы;

2 - резидент емеске бұрын алғынан тауарды қайтару не импортердің осы келісім-шартты тоқтату туралы жазбаша растамасын алған кезде импортерге пайдаланылмаған авансты қайтару;

3 - резидент емес тауарға ақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындаған жағдайда бұрын тиелген тауарларды экспортерға қайтару не экспортердің осы келісім-шарттың қолданылуын тоқтату туралы жазбаша растамасы болған кезде тауарды жеткізу бойынша экспортер міндеттемелерін орындаған жағдайда экспорт бойынша келісім-шартқа ақы төлеуге экспортер алған валютаны резидент емеске қайтару;

4 - экспортер немесе импортер резидент еместің алдында өз міндеттемелерін орындаған жағдайда экспортер немесе импортер алдында өз міндеттемелерін толық орындаған резидент еместің тарапынан шағым-талап болмайтынын растайтын құжаттарды ұсыну;

5 - жеке кәсіпкер ретінде тіркелген экспортердің немесе импортердің Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұратын жерге кету туралы уәкілетті

## о р г а н н ы ң

## р а с т а м а с ы ;

6 - келісім-шарт мерзімінің аяқталуы және тараптар міндеттемелерін балама орындау немесе резидент еместің елу мың АҚШ долларына балама болатын сомадан аспайтын берешек қалдығының болу талабымен тараптар міндеттемелерін орындаған соңғы күннен бастап бір күнтізбелік жыл ішінде мәміле паспорты бойынша ақша немесе тауар қозғалысының болмауы;

7 - сот шешімінің не резидент еместі тарату немесе банкрот деп тану туралы шетел мемлекетінің басқа уәкілетті мемлекеттік органды құжатының болуы;

8 - экспортерді немесе импортерді құқықтық мұрагері болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тарату;

9 - экспортердің немесе импортердің тәуекелді сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайы болған кезде резидент еместің міндеттемелерін о р ы н д а м а у ы ;

10 - экспортердің немесе импортердің банктік шотына ақшаны талап етуді (факторинг) беруге қаржыландыру шарты шенберінде ақшаның түсүі;

11 - мәміле паспорты банкінің банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензияны тоқтату не одан айыру;

12 - тараптар келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындаған не резидент еместің елу мың АҚШ долларына балама болатын сомадан аспайтын берешек қалдығы болған кезде келісім-шарт бойынша есеп айырысу үшін импортер шығарған, резидент емес ұсынған вексельді уәкілетті банктің есепке а л у ы ;

13 - резидент еместің келісімін растайтын құжаттар негізінде және экспортердің немесе импортердің мәміле паспортының банкіне ұсынған осы келісім-шарттың қолданылуын тоқтату туралы жазбаша өтініші болған кезде экспортердің немесе импортердің келісім-шарт бойынша резидент емес алдындағы өз борышын басқа тұлғаға аударуы;

14 - Ереженің 35-тармағын ескере отырып, осы келісім-шарттың қолданылуын тоқтату туралы экспортердің немесе импортердің жазбаша өтініші және растайтын құжаттар (талап ету құқығын беру шарты, өзара міндеттемелер бойынша салыстыру актісі, тауарларды қабылдау-өткізу актісі, тауармен бірге жүретін құжаттар және басқалары) болған жағдайда экспортердің немесе импортердің резидент емеске талап ету құқығын басқа тұлғаға беру немесе а у д а р у ;

15 - жеке кәсіпкер ретінде тіркелген экспортердің немесе импортердің құқықтық мұрагері болмаған жағдайда қайтыс болуы;

16 - Ереженің 38-тармағында көзделген жағдайлар.

Ұлттық Банк Ереженің 41-тармағына сәйкес кеден ісі мәселелері жөніндегі

үәкілетті органға осы Ереженің 1-8, 12, 13, 29-32-бағандарында көрсетілген ақпаратты жібереді.

**Қазақстан Республикасында  
экспорт-импорт валюта бақылауын  
жүзеге асыру ережесіне 6-қосымша**

**Ескерту: 6-қосымшага өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007.09.24. N 110 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2009.08.24 N 77 (қолданысқа 2009.11.01 бастап енгізіледі, 4-т. қараңыз); 2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз)**  
**Қаулыларымен.**

**\_\_\_\_\_жылғы \_\_\_\_\_(күні)\_\_\_\_\_ (айы)  
мәміле паспорттары бойынша тауарлардың  
қозғалысы туралы ақпарат**

N	Мәміле паспортының деректемелері		Белгісі - экспорт немесе импорт	Келісім-шарт деректемелері		Экспортердің немесе импортердің деректемелері		
	N	Күні		Нөмірі	Күні	КҰЖЖ коды	СТН	Белгісі - заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Жұк кедендік декларацияның нөмірі	Жұк кедендік декларациясында көрсетілген кедендік режим	Тауарды шығару күні	Тауардың құны			
			Статистикалық	Фактуралық	Жеткізу валютасы	Валюта бағамы
10	11	12	13	14	15	16

### **6-қосымшаны толтыру бойынша нұсқау**

3, 6, 12-бағандар мынадай тәртіппен сегіз санды көрсету арқылы толтырылады:                   күні,                   айы,                   жылды.

5-баған келісім-шарттың осындай деректемесі болған жағдайда келісім-шарттың нөмірін көрсету арқылы толтырылады.

4-баған мынадай белгілер ескеріле отырып толтырылады: 1 - егер келісім-шарт экспорт бойынша болса және 2 - егер келісім-шарт импорт

б о й ы н ш а

б о л с а .

7-баған, егер 9-бағанда 1 саны көрсетілсе экспортердің немесе импортердің (егер экспортер немесе импортер заңды тұлға болып табылса) сегіз мәнді кодын және экспортердің немесе импортердің (экспортер немесе импортер заңды тұлғаның филиалы болып табылса) он екі мәнді кодын көрсете арқылы т о л т ы р ы л а д ы .

8-баған, егер 9-бағанда 2 саны көрсетілсе, экспортердің немесе импортердің салық төлеушісінің тіркеу нөмірінің он екі мәнді кодын көрсете арқылы т о л т ы р ы л а д ы .

9-баған мынадай белгілер ескеріле отырып толтырылады: 1 - егер экспортер немесе импортер заңды тұлға болып табылса және 2 - егер экспортер немесе импортер жеке кәсіпкер болып табылса.

11-баған Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды декларациялау мақсаты үшін кедендік органдар пайдаланатын жіктеушіге сәйкес кедендік режимді сандық белгілеу арқылы көрсете отырып т о л т ы р ы л а д ы .

13-бағанда тауардың статистикалық құны АҚШ доллары бірлігінде көрсетіледі .

14-бағанда тауардың фактуралық құны жеткізу валютасының бірлігінде көрсетіледі .

15-бағанда ҚР МЖ 07 ИСО 4217 - 2001 "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес жеткізу валютасын әріппен белгілеу көрсетіледі .

16-бағанда фактуралық құнға қайта есептеу үшін пайдаланылған және жүктің кедендік декларациясында көрсетілген валюта бағамы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасында  
экспорт-импорт валюта бақылауын  
жүзеге асыру ережесіне 7-қосымша

Ескерту: 7-қосымшага өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007.09.24. N 110 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз); 2008.11.28 N 93; 2010.08.20 N 76 (қолданысқа 2010.08.13 бастап енгізіледі, 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

**N \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ Банктік бақылаудың жеке карточкасы  
жылғы \_\_\_\_\_ есептік ай**

(есептік айдың аяғындағы жағдай бойынша)

N	Банктік бақылаудың жеке карточкасы бойынша ақпараттың атавы	Жолдың коды	Банктік бақылаудың жеке карточкасы бойынша ақпарат
1.	Жеке карточканы жіберуге негіз:	10	

2.	Экспортер немесе импортер бойынша ақпарат:	20
3.	Атауы немесе аты-жөні	21
4.	КҮЖЖ коды	22
5.	СТН	23
6.	Белгісі - заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер	24
7.	Мекен-жайы	25
8.	Облыстың коды	26
9.	Мәміле паспорты:	30
10.	Нөмір	31
11.	Күні	32
12.	Мәміле паспорты банкінің КҮЖЖ коды	40
13.	Келісім-шарт бойынша ақпарат:	50
14.	Белгісі - экспорт немесе импорт	51
15.	Нөмірі	52
16.	Күні	53
17.	Мың бірліктегі сома	54
18.	Келісім-шарт валютасы	55
19.	Резидент емес бойынша ақпарат:	60
20.	Атауы немесе аты-жөні	61
21.	Елі	62
22.	Репатриациялау мерзімі:	70
23.	Резидент еместің келісім-шарт бойынша экспорттер немесе импортер алдындағы репатриациялау мерзімдерінде орынданған міндеттемелерінің сомасы туралы ақпарат	80
24.	Келісім-шарттың валютасымен	81
25.	АҚШ долларымен	82
26.	Ескерту:	90

## 7-Қосымшаны толтыру бойынша нұсқау

Банктік бақылаудың жеке карточкасының нөмірі көлбеу сызықпен бөлінген  
ш

б ө л і к т е н

т ұ р а д ы :

бірінші бөлікте уәкілетті банктің сегіз мәнді КҮЖЖ коды көрсетіледі;  
екінші бөлікте келісім-шарт бақылауда түрған уәкілетті банк филиалының  
КҮЖЖ кодының соңғы төрт саны көрсетіледі. Егер келісім-шарт уәкілетті  
банкте бақылауда болса, екінші бөлікте төрт нөл қойылады;  
үшінші бөлікте уәкілетті банк (оның филиалдарын ескере отырып) үшін  
банктік қабылдаудың жеке карточкасының бірегей нөмірі көрсетіледі.

10 деген коды бар жол мынадай жіктеушіге сәйкес толтырылады:

1 - резидент еместің экспорттер немесе импорттер алдында есептік айдың

соңғы күніндегі жағдай бойынша елу мың АҚШ долларына баламасынан асатын сомаға репатриациялау мерзімінде келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындауы;

2 - экспортердің немесе импортердің уәкілетті банкке Ереженің 5-тармағына сәйкес құжаттарды және ақпаратты уақтылы ұсынбауы;

3 - есептік айда репатриациялау мерзімі бір күнтізбелік жылдан асатын мәміле паспортын ресімдеу талап етілмейтін он мың АҚШ долларына балама болатыннан артық сомаға келісім-шартты валюталық бақылауға қабылдау;

4 - Ереженің 11-тармағында көрсетілген жағдайлар;

5 - Ереженің 49-тармағында көрсетілген жағдайлар.

10 деген коды бар жолда жеке карточканы жіберуге бірнеше негіздер  
көрсетілуі

мұмкін.

Ұлттық Банкке осы келісім-шарт бойынша банктік бақылаудың жеке карточкасын жіберу күні экспортер немесе импортер уәкілетті банкке резидент еместің осы келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындауын растайтын құжаттарды ұсынса, банктік бақылаудың жеке карточкасын жіберу талап етілмейді.

Экспортер немесе импортер болжамды мерзімді өзгеретін құжаттарды есептік айда келісім-шарт бойынша банктік бақылаудың жеке карточкасын 10 деген коды бар жолда 1 санын көрсете отырып жіберсе, онда осы келісім-шарт бойынша банктік бақылаудың жеке карточкасын көрсетілген жолда 2 санын көрсете отырып кейін жіберу талап етілмейді.

22 деген коды бар жол экспортердің немесе импортердің - занды тұлғаның, оның филиалының немесе қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкердің БСН-нің 12 цифрын көрсету арқылы толтырылады.

23 деген коды бар жол экспортердің немесе импортердің - қызметін жеке кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкердің ЖСН-нің 12 цифрын көрсете

арқылы

толтырылады.

24 деген коды бар мынадай белгілер ескеріле отырып толтырылады: 1 - егер экспортер немесе импортер занды тұлға болып табылса және 2 - егер экспортер немесе импортер жеке кәсіпкер болып табылса.

26 деген коды бар жолда (КАТО) КР МЖ 11-2003 әкімшілік-аумақтық объектілерінің жіктеушісіне сәйкес облыс кодының алғашқы 2 саны көрсетіледі.

31-32 деген кодтары бар жолдар мәміле паспорты бар болған жағдайда толтырылады.

мәміле паспортының банкі уәкілетті банктің филиалы болып табылса, он екі мәнді

код

көрсетіледі.

32, 53 деген кодтары бар - жолдар мынадай тәртіпте сегіз сан көрсетіле отырып толтырылады: күні, айы, жылы.

51 деген коды бар жол мынадай белгілер ескеріле отырып толтырылады: 1 - келісім-шарт экспорт бойынша болса және 2 - егер келісім-шарт импорт б о й ы н ш а болса .

55 деген коды бар жолда ҚР МЖ 07 ИСО 4217 - 2001 "Валюталар мен қорларды белгілеуге арналған кодтар" мемлекеттік жіктеушісіне сәйкес валютаны әріппен белгілеу көрсетіледі.

62 деген коды бар жол коды ҚР МЖ 06 ИСО 3166.1 2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 1-бөлік. Ел коды", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.2 - 2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған кодтар. 2-бөлік. Елдердің әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің кодтары", ҚР МЖ 06 ИСО 3166.3 - 2001 "Елдердің және олардың әкімшілік-аумақтық бөлімшелерінің атауларын белгілеуге арналған код. 3-бөлік. Елдердің атауларын белгілеу үшін бұрын пайдаланылған кодтар" мемлекеттік жіктеушілерін пайдалана отырып т о л т ы р ы л а д ы .

70 деген коды бар жол Ереженің 1-қосымшасын толтыру бойынша нұсқаудың 14-тармағына және 2-қосымшасын толтыру бойынша 4-тармағына сәйкес т о л т ы р ы л а д ы .

81 және 82 деген кодтары бар жолдар, егер коды бар 10-жолда 1,5 саны көрсетілсе т о л т ы р ы л а д ы .

81 және 82-жолдар валютаның мың бірлігімен толтырылады.

90 деген коды бар жолда уәкілетті банк кез келген басқа қосымша ақпаратты көрсетеді .

Келісім-шарт бойынша банктік бақылаудың жеке карточкасы бұрын жіберілген болса және келесі есептік күні оны жіберу үшін негіз бар болса, уәкілетті банк алғашқы рет 20-70 деген кодтары бар жолдарды толтырмай, осы жолдардағы ақпарат өзгерген жағдайларды қоспағанда, банктік бақылаудың жеке карточкасы жіберілген нөмірді көрсете отырып, банктік бақылау жеке карточкасын жібереді.

Қазақстан

Республикасының

Ұлттық

Банкі

Басқармасының

2006

жылғы

17

тамыздары

М 8 6

қаулысына

2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
құші жойылды деп танылған нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1669 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" ресми басылымдарында 2001 жылғы 19 қараша - 2 желтоқсанда жарияланған).

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 575 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1743 тіркелген).

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2002 жылғы 3 маусымдағы N 203 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1923 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" ресми басылымдарында 2002 жылғы 29 шілде

- 11 т а м ы з д а ж а р и я л а н ф а н ) .

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1669 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 484 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2696 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" ресми басылымдарында 2004 жылғы 2 - 15 ақпанда жарияланған).

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 5 қыркүйектегі N 343 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 29 қарашадағы N 137 қаулысы (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3957 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Юридическая газета" газетінде 2006 жылғы 26 мамырдағы N 94-95 (1074-1075) жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК